

Дос КӨШИМОВ

Dos Kosimow

Токсанбіншың әуелдатадын  
ТОҚСАНЫҢШЫ ЖЫЛДАРДЫҢ  
ҚАРА СӨЗДЕРИ

Kara sozleri°

A 97 - 07334

Олея Зас

«ФЛКЕ» баспасы  
АЛМАТЫ — 1996 ж.

Ремек



Д. Кешімов «Тоқсаныныш жылдардың кара сөздері» макалалар жинағы, Алматы, «Өлкө» баспасы, 1996 ж.

Кітапта саясаткер Д. Кешімов тәуелсіз елімізде жүріп жаткан саяси-экономикалық реформаларға көткесінен өз көзқарасын әр түрлі тақырыптар айсында баяндайды.

Жинактағы макалалардың бәрі кезінде мерзімді баспасөзде жарияланған.

Кітап калың оқырман қауымға арналады.

ISBN 5-7667-4271-1

## ҚҮРМЕТТИ ОҚЫРМАН ҚАУЫМ!

Түрлі газет-журналдардың бетінде жарық көрген макалалардың жинақтап, кітап етіп шығара салу – ең онай, сонымен кітап ешкімге (әсіресе, саясаткерлерге) ешқандай абырай әкелмейтін жұмыс. Дегенмен кітапты ысыра салмай, бір сәт менің де датыма құлақ салып көріңіз.

Осы бір бес-алты жылда қоғамдық өмірде үлкен взоргерістер болып, бұрынды айтқан сөздерін, іс-киммелардың, мактамуделерің шаңа көміліп далада қалып жатса, сөз жок, кешеге енбектерінің бүгін ешкімге қажеті жық екенин мойындар едім. Өкінішке орай, бәрі бұрынды қалтында қалда немесе одан да нашарлап, кері кемті. Қодамымыздың қынон көтіріп, халықты сор замана жеткізген жаңадар шашау шыққастан баяғы билік орнында отыр. Біздердің көтерген мәселелеріміз шешуін таптақ түгіл, қашта тұмашалана түскен сияқты. Демек, сол дәртті көрсетіп, одан жазылу жолын іздеуге баянталған ой-пікірлер де взінің, қасиеттің жойған жок.

Жинақтың негізгі мактамы-қопшиліккің көкірегіне ой салып, саяси сауатын ашу. Егер қазақ халқы взінің өміріне, жеке басына, үрнактарының болашағына көткесін ең бір қарапайым мәселелері түсіне білсе-әділетті қозғамның табандырылған аттападық деп сене бер. Сонда гана түрлі саяси күштердің арасында тәң босеке болады да, төрелігінде халық айтады. Жинақтың ішінде сан қылы кездесулерде

қойылатын талай сұрақтың да жауаптары бар деп білемін.  
Кейір макалалар тек қана белгілі бір мәселені жсан-жасқты  
түсінірdu мақсатында жазылғаны да ескертпе көткім келеді.

Жинақтың сыйншысы да – оқырман қауым, өздеріңсіздер.  
Бұдан 4-5 жыл бұрын жазылған ойларды, саяси-әлеуметтік  
талдауларды шола отырып, бүгінгі күнмен салыстырып  
каранадар. Мұмкін, біздін бейнетіміздің, куресіміздің босқа  
кетіп жатқанының бір себебі-үніміздің халықта еркін  
жетпегені де болар. Екіншіден, саясаткер есебінде  
Казақстанның тоқсанының жылдардың бас кезіндегі курделі  
кезеңінің, кейір коріністері ең болмаса бір кітапша болып  
тарихымызда қалуын көзdedім-бәріміздің бағамызды келешек  
қана береді емес не?

Әр адам өзінің қоюнан келгенін ғана істейді. Колымыдан  
келмесе, бізді кінеллау да – күнө.

Дос КӨШІМОВ.

I тарay

## КӨЗІНДІ ТАРС ЖҰМҒАНМЕН, БОЛМЫС ЖОҒАЛЬЫП КЕТПЕЙДІ

жолы да, алеуметтік жағдай да, тіл мен мәдениет мәсеселі де билік иелерінің ішкі отырысындаған шешілді. Оның неге алғы келгенін айту артық болар. Элі қунғе дейін осы саясат (Мен оны «Саясаттың кашыру, саясаттың күбікжық ету саясаты» деп атамын — Д.К.) кен көлемде жүргізіліп келеді. Бірақ бұрындарда «Партия айтылыштарыныңда» деген ұранмен жүзеге асырылса, бүгендегі «Сендер түк білмейсіндер, түкке деген түсінбейсіндер» деген сөзге көшті. Тоталитарлық жүйенін негізгі белгісі — бір партияға табыну немесе бір басшының құлдайшы кору емес, қызыметі жоғары адамды беделлі деп түсіндіру, ал беделді адамды ақылды деп сендіру. Колхоз бастырынан райкомынан ақыны артық болса, райком басшысынан обком хатшысы әлдекайда кеменгер, ал одан... Бір қызызы, ертеп сол адам отырған орнына жоғарылап кетсе, ақылы да асып кетеді, ал төмөннедес, музға тайп жыбылып, басын жарып алған жан секілді, ақылы да күрт төмөндейді. Бедел мен білгіштік отырған креслого байланысты болғанда, қарапайым адамдар мемлекеттік саясат туралы аузын аша алмайтыны айдан анық емес пе?

Бірнеше кездесуде ел басшылары біздің сыйнымыздың дүркістігін мойнаңдай келе, «Бүгінгі топалан заманда сендердің сынаған лауазым иелерінің орнында өзілерін болсандар, дәл осындағы кателік жіберер едіндер. Сынау оның гой. Ал жұмыс істеу-мұлда басқа мәселе. Келіндер, сұраган орындардың берейін. Бірақ сендер сейлеуден басқаны білмейсіндер» деген сөздердің айтады. Дәл осындаң пікірлер «Саясаттың күрьышын» дәлітін жаңдардын да аузын жиі шыгады. Біріншіден, біздің сыйнымыз жеке адамға емес, мемлекеттік жүйеге карсы бағытталады, ал жеке орындаушылар тек мысалған. Екіншіден, үкімет басына демократиялық салуар арқылы келмей, Президенттің жағызы аузын сөзіне жабысып қана шығатын біз бала емесіз гой. Мениң танқалдыратын жай: аппаратта жұмыс іstemеген, ешқашан комсомолдық, партиялық баспаадлактар арқылы кетерілмеген жандардын колынан ешкандай мемлекеттік қызмет келмейді деген сенім кайдан пайда болды екен? Чехословакияның президенті Гавел — драматург, пеш жағушы болып та істеген, ал Польшаның президенті Валенса — қаралайым электрик, айта берсек, мысал жетерлік. Мениң жақсы танитын әріптестерім, талай жынылдарда бірлесе жұмыс істеген жандар бүгендегі Ресейдін, Украина мен Арменияның, Латвия мен Эстонияның министрлері болып отыр.. Сондыктан 17 млн. халық бар елден колынан ештеге келмейтін қызмет иелерін «ауыстыратын жандар шыктайтының десендер, сондай» төс жаһалықты басқарып отырған ел басшыларына ғана сын.

Әңгіме билік жөнінде болғаннан соң, саясат десе қабактарын

Саясатка араласканда жүрттЫн бөрінен ақылымыз артық немесе бізден аскан саясаткер жоқ деген ой ешқашан келген емес. Эр азamat бұл жолға түрлі себептермен келген шыгар. Эрине, бізден де ақылды, білім деңгейі де жоғары, халықта танымал жандар да жетіл жатыр. Бірақ, екінішке орай, еліміздін болашак даму бағытын айқындастын, халықтын, үлттын мұддесін көргітін іс-кимылдарды олардан көре алмайды. Кейір ақылдылар саясат туралы пікірлерін дастархан басынан шығармаса, енді біреулері мангажданда отырып ақыл айтудан аса алмайды. Эр адамның алла сызып берген жолы бар, сондыктан оларға ешкандай өкпем жок, менін де өз жолым бар — маған да кінә коймандар!

\* \* \*

Біздін тамаша халқымыздың бар көзін ашып көрген партиясы коммунистік партия болғаннан соң, когамдық өмір деген түсінігі «Хрушевтін заманы», «Брежневтін кезеңі» деген тіркестерден аса алмай қалғаннан кейін «Саясат» деген сөзін не екенин алға қунғе дейін білмейтін синкты. Когамдық өмірді жаксарту жолын іздеғен жандарды (ашының айту керек, өздерінің болашактарын, уақыты мен каржысын сонын жолына берген адамдарды) ағаш аттын басына теріс мінгізу — мәдениеттіліктін, зияялықтын шыны деген санаітын сняктымыз. Әнгіме олардын маскаты мен Сіздердің ойларыныңдың бір жерден шығында емес, бағыттарының белек бола отырып, азаттастық позицияның сыйлауда. Әлде біз езіміздін осы өмірден баз кешкен көртартпалағымызды жасыру үшін саясатты жамандаймыз ба? Ак калкага кара күйе жағып, сонын коленкесіне тынылып, құлағымызды біттегеннен не табамыз? «Саясат — атак-данкка, дәрежеге, байлықта жету үшін жүргізетін, халықтын басын айналдыратын құрал» деген езіміздің езімің сендергендеге, аржанынан «мен ондай адам еместін, маған дәнк пен дәреженің кәжеті жоқ, қызыметтімді жасап, ал адамның жеймін» деген ой қылтырып бой көрсетіп тұрган жоқ па? Бөрі де тайга танба басқандай: егер саясат жаман болса, демек соған жоламаган сен жаскы адамсын.

Тоталитарлық жүйе кезінде халықты саясаттан тыс үстады. Өздерінің жасаған қылмыстары мен тонау саясатына халықтын бакылауын қоюды кім каласын? Мемлекеттің экономикалық даму

түйіп, беттерін тыржитатын жандар үшін тағы бір шындыкты ашып айтқым келеді. Алғашкы кезеңдерде «таза боламыз» деп, езіміз де аласкан секілдіміз. (Әлде пыш-пыш сөзден корылп кеттік пе?) «Бізге биліктін жақеті жок, кресло мен мансап үшін, жоғары дәрежелі қызмет пен байлық үшін жүрген жокпым!» Казак елін коммунистік идеология шырмауынан құтқаралмызы, демократия орнатып, елдікке жеткізіміз де, әлділдік жетіненне кейін, езіміздің бүрынғы мамандығымызға барамыз» деп «қаскайып» тұрган кездеріміз болды. Уақыт өткен сайын, козіміз ашыла түсти. Біздердің бастамамызбен, біздердің қомегімізбелігі деңгейге көтеріліп едік, үкімет билігін тез арада шапандарын ауыстырып үлгерген бүрынғы жандар алып койды да (олар кабинеттерінен кеткен да жок, не екінші бөлмеге көшті, не есіктін майдайшасындағы сөзді ғана ауыстырыды) білдін халықка береміз деген арман-муддеміз далада калды. Ол-ол ма, «Әне, сендердің демократиямактарын экономика мен әлеуметтік жағдайлар кандай дәрежеге алыш келді, ғынғын кайрышылық та солардың елірген айқайларының нәтижесі» деп күйенін бізге жауга. Демек саяси үйлімін билікке таласудан бастартып-үлкен акымастық. Қогамдыбылай орнатымыз, халықта мынадай жақсылық әкелеміз деген екенсіндер, халық соган сенип, сендерді колдаган екен, тайсақтамай жұмыс істендер! Қызмет алыш, креслога отыру-байлық үшін емес, халықтың күлі болу үшін ғана керек! Бейшара халықта осы бір карарапым шындыктың түсінірүндін кандай ғыны екенін көбіміз білмейміз де. Мұмкін, басшылықтың-хандық құру емес екенін түсінген, уақыттаған «бағстық болғышы келіп, партия құрып жүр» деген бықсық, құнқіл, сасық айланы сөздерден күтүлармыз!

Белгілі бір көзқарас бар адамдарды мемлекет билігінә жибермеу жонінде жұмыстар коммунистік партиянын саудасы бітуге такала басталғанда қылан беріп калды. Естерінізде шыгар, сот қызметкерлері, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінін адамдары. т.б. Қызмет иелері саяси партияға мүше болмауы керек деген үранның көтерілген? Бұл-өте қызық жағдай. Егер мен, Казакстанның социал-демократиялық партиясының төрағасы, Жоғары соттың жауапты қызметкер боласам, сыйланып қойылған жұмыстан бас тартуым керек. Бірақ ол – менін социал-демократиялық көзқарастан, мұрттан бас тартқан болып табылады гой. Аз партияның өмірлік көзқарасынан бас тарткан боласам, екіжүзділікке бара отырып, әлділдік шешетін жерде не бітіремін? Бул шарт бойынша, мемлекеттік биліктін басшылығына бейсаясатшыл жандар ғана жиналады гой. Ешбір өркениетті елде мундай жағдай жок шыгар. Қоғамның дамуына көздерін жұмып карайтын, онға да, солға да үн

коспайтын азаматтарға жауапты орын беріп коятын ел калай көгерер екен?

Кейбіреулер сол шарттың пайда болу себебін когамдық жақеттілікпен актауы мүмкін. Иә, коммунистік партия тек идеологиямен айналысып коймай, барлық билікті алып, мемлекеттік атқару орындарымен біte кайнасын кеткенде, одан қашатын жер таба алмағандыктан, жоғарыдағыдан адам құқын бузатын зансызылықта бардық делік. Бірақ бүгіндері республикамызда түрлі саяси партиялар бар, олардың бөрі де коммунистердің басшылары сиякты жұмыс істейді деп кателесу-кейін кайда алыш барады екен?

Бұл компартиянын торынан кайда қашып құтыларын білмеген жандардын тапқан амалы ма, әлде «мен партиянын мүшесі емесстін» деп айтып, қызметте калу үшін жасалған тәсіл ме (компартиянын күні бітпі, кейін сол партиянын белсенді басшыларын қызметтеп шығарып тастағанда актуал үшін), ол жағы белгісіз, бірақ бейсаясаттың осылай басталған сиякты.

Азаматтарымыз саясатқа арасынан жатып, «Саясаттан шаршады», демократияның көрмі түрліп, демократияның бізге не беретінін біліп койған тәрізді. (Осыдан сон халықтың бейсаясат деп көрші, Дос Д.К.) Ғынғын аласынан заманда быттырай қашып, әркін өз күнін өзі көрү саясаты осы болар. Өзі өмір сүріп отыран елдің басқаруына катастып, занын бакылай алмаса, ол елді иттің күлі итакай билейтінін көрметтеп сияктымыз. Қөрғендерін де бар шыгар. Ендеше өзін ле өмір сүретін үйдін кабырғаса жарылып бара жатқанда, табыр біл кілем алыш, жақтықтың тысын шашқаптан не табасын? Халықтың сыйлаган үкіметі халықтың бакылауындағы үкіметке айналғанда ғана өмір өзгереді. Үкімет ісі – үкіметті басқаратын адамдар емес – халық, ал халық екі көзін тарс жұмып, адам танымайтын не танысырын келмейтін дәрежеге жеткенде үкімет пен білік кімнін колында калатыны белгілі емес пе?

«Саясаттан қашып» жүрген адамдардың да бәрі бірдей емес. Біреулер түсінігі жетпейтінін біліп, көздерін жұмса, екіншилерін ақыла жете отырып тартыншактайды, тағы біреулерде бойкүйездік басым болса, екіншилерінін канында жассаншактый. Өзім қөрғен жандарды саралай отырып, бірнеше топты көрсетуге болатын сиякты:

— Шынында да ештенемен ісі жок, өмірдің ығында жүрген жандар:

Оларға қызылы да, карасы да, аласы да-бәрібір. Жеген тамагы, киген киімі, жүрт катаrlы тіршілігі ғана-өмір мақсаты болып табылады. Оларға біздін жұмысымыз түсініксіз, жақетсіз де сиякты.

Бір жаксысы, түсінбейтін мәселесін каралай да бермейді. Негізгі ұраны «көп айта-болды, жүрт айта-кенді». Жігерсіз деп айтуға да ауым бармайды, бірақ олардың әрқашан құштінін, билік иесінін сөзін жактайтыны да белгілі.

— Екінші топтың өміріге деген көзкарасы, тусінік деңгейі жанағы айтып кеткен жандардан бір саты жоғарырак. Оны мен солын бледі, көзі ашик азаматтардың катарына жатады. Саясатқа қызықпаса да, сенін айткан дәлелдерінші тынышай, ой елеғінен еткізеді, көзі жеткен жерлерін сол жерде колдайды. Бірақ ешкандай саяси іске араласпайды, партияға да кірмейді.

— Ушинші топтың акылы, тусінігі де мол, бірақ бар жан-тәнімен қогамдық іске араласкан жандарды жактырымай. Тек үкіметке ғана сенеді, крестлода отырган адамдардың акылы артық деп ойлады. Соңғы уақытта бұлардың көпшілігі өздерін либерал сияқты қорсеткісі де келіп жүр, дегенмен одан көрі паразиттік бейнелер болсын. Кездесудерде онша көп суракта бермейді, сені үннатпай отырганын да көрсетпейді, алайда ішінен «өзелік өздерін үлкен бастиқтың дәрежесіне жетіп алсандарши, халықтың алдына содан кейін шығарсындар» деп отырады.

— Төртіншілер саясаттың ісі мұрнына бармайтын, бірақ әр жерден естіген өсектеріне, ақпараттын үзінділері мен газеттін жыртындыларының сүйене отырып, бәріне де сын айтып, ақыл беріп, тужырым жасап езінше кісімсітін жандар. Бұлардың сөздерінін корытындысы біреу-ак «сөндерлік де кәте, үкіметтікі де кәте». Бұл да белсенді көзқарастар кашшудың бір түрі. Әрине, олардың колына Назарбаевтан көрі кастарында жүрген біз жі түсеміз, соңыктан сыйниның да негізгі белігі бізге бағытталады. Тағы бір ерекше белгісі: кейір сыйнарның берген түсінімізді аяяна дейін ешқашан тыңдамайды. Бұндай – оптимистін терісін жамылған пессимистер, өмірдің өзтергенинен өлөрдей корқады, бірақ өздерінен жанынан ештен шыкпайтынын білген жағдайларда алакан үршіп, ысырғатын белсенді көрмермендер. Бұлардың кейбіреулері шалгайта оралып, жиындар мен жинальстарда оргата шыкканды да үннады, кейін каркының тез-ак басылып, ешкандай пайда бермейтін жерден тайып шыға келеді.

Бұлардың көпшілігінін сұраптары «Сөндер не істейдіндер?» болып келеді. (Партия құрылғанынан кейін 2 ай, 2 күннен кейін үкіметті алып, халыққа бақыт әкеледі деп ойлай ма екен? – Д.К.) Екінші сөзі – «Мен айтып едім гой!». Кейде бұлардың халыққа жасаган жаманышының біздін карыластырымыздан да үлкен сияқты. Соңғы уақытта, желігүден жалыккан болар, бұл топтың өкілдері азайып келе жатыр.

— Тағы бір жандар жоғарыдағыдай аттандап, кику салып қасында жүрмессе де, топ ішінде күнкілдеп, кекесін мен мыскылды кару етіп, өзінін корқактығы мен тайыздығын жасыруға тырысады. «Колдарын тук келмейді», «Әйттеур бәрі үкімет болғысы келеді» деген күнкілдерді естігенде еріксіз жымымымыз. («Бейшара адамға ашулану да-кун») дейді гой. Д.К.)

— Тағы бір адамдар шын қөнілдерімен біздін жұмысымызды колдайды. Түсінбегенін түсінуге тырысады. Бірақ күйбен тіршілік белден басып, жағдайлары етектен тартады. Олардың саликалы ойлары, берген бағалары мен дәлелді сындарынан көп пайда да көреміз. Сайлау уақытында оны мен солын танып, кімтеге дауыс беретіндерін жақсы белітіндер де осылар (Мейлі, бізге карсы дауыс берсе де! – Д.К.) Карапайым халықтың саясатқа араласуы да саясатты түсінү де, азаматтын міндеті де тек осында тұрғанын жақсылап түсінек екен!

Саяса құштерді бір-біріне карсы кою да үлкен кате. Ондай жағдайда таза жарыс болмайды. «Сөндер Назарбаевка қарсысындар?» деген сөзі естігенде, – Бір адамға карсы болып, сол шүйн партия күршіп, жын үршіп па, – дегім келеді. Президент те, социал-демократтар мен «Азаттар» да бір-ак нәрсени мансұқ тұтады. Од – Казакстанның бүтінгі жағдайы мен балашақдаму жолы. Бүтінгі билік иелерінін көтесін қорсету – оларға карсы шықкан болып есептелмейді. Егер бүтінгі қаланың жаткан үйіміздін кабыргасы кисайып бара жатса, сөз жок, «мына жерін дұрыс емес» деп, жалайырга жар салуға бармыз. Тас калаушы: «Ойбай-ау, категесіп кетіппін» деп мойындаі салса жақсы гой, ал егер «бәрі дұрыс, өзім білемін, оттама!» деп жұмысын жалғастыра берсе не істейміз? Әрине төрелігін халық кана айтады. (Себебі сол үйде сөндер де тұрасындар! – Д.К) Ал көздерін тарс жұмып, «бәлленнен аулак, мениң саясатта жұмысын жок» деп жүрген жандар кімнін теріс, кімнін сөзінін он екенін айыра алар ма екен?

## ТОҚСАН БІРІНШІ ЖЫЛДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ

Тамыз төнкөрісіндегі зансыз құрылған Төтенше Комитеттің жарлығына сәйкес бүйрек шыгарған, мемлекеттік қылымскердің орындығына отыратын жандардың бір — калалық атқару комитеттің теграсы В.В.Храпунов Казак ССР Халық депутаты болып сайланды да, соған карсы жының үйімдестырган осы жолдардың авторына соттан шақырту қағазы келді. Бір мезгілде болған осы екі оқиғаның өзі-ак республикадағы бүтінгі қоғамдық-әлеуметтік жағдайдан хабар бере алатын сияқты.

Темендергі ойлардың кандай жанрга жатқызатынымың өзім де білмеймін, бірақ олардың бәрі — баз біреулердің айтып жүрген әнгімесі емес, өмірден алынған шындық.

Коғамның қоленкелі жектарын теріп алып, жеріне жеткізе терен талдауды да макаста етіп қойғаным жок — себебі біреу-ак. әр ойдан жауабынан сұрагы көп...

### БІРІНШІ СӨЗ.

Ел басшылары мен қарапайым бастыктар туралы Зан көп те — жаналық жок. Соңғы жылдарда өмірге жүзделген жана зан келді, бірақ бәрі де такырга сепкен дән сияқты өнімнін бере алмады. Себебі неде?

Бесенеден белгілі — егер зандың тұдымынан когамдық, әлеуметтік, экономикалық алты шарттар пісіп-жетілмессе; зан «өлті тұган» нәресте болып есептелді. Бул жағынан біздін зангерлерге тағар кінәміз жок — өмірдің өз талabyнан тұган мөселелердің соңын шыккала тұрган тогаталырлық мемлекет тұрғысынан болсын, күни өткен идеология тұрғысынан болсын, әйтеуір шешүгеге талаптану байкалдасы. Ал халықтың тұрмысы күннен-күнге нашарлап, экономика құлдырап, саяси жағдай шиеленіспін барады.

Неліктен?

Бірінші кілтипап сол зандарды жүзеге асыратын тетіктерді үстап отырган, оны қоғам ігілігіне айналдыратын, құнделікті тұрмысымызға арапалдыратын адамдарда сияқты. Жоғары Кенес кандай бір сол-қылдак, екі ұшты, көртартпа зан қабылдамасын, жана бағыт, демократия нышаны, міндетті тұрға, кездесді. Ал біл белгілер-жанагы тетіктін иелері — әкімшілік аппараты үшін жеті басты аждахамен бірдей. Кандай адам өзі отырган бутағын өзі кеседі? Демократия мен біздін мемлекеттік басқару күрьылымы ешқашан бірге өмір сүре алмайды. Сондыктан да жоғарыда айтып өткен жүзделген зан қағаз

жүзінде кала береді. Әкімшілік аппараты неше түрлі айлы шарғымен, бюрократиялық тоқсауылмен қажетті зандарды іске костырмайды.

Президент манындағылардың көшілігі — бізді осы жағдайға, жоқсылық пен бішаралықта алты келгендер. Олардың әрқайсысының костюмінің жағасында «Аралды құртканы үшін», «Желтоксан жасауылы», «Қазақ тіліне карсы күресуші», т.б. белгілері бар. Креслога тек құлқын үшін келіп, өз өмірі мен әлеуметтік тобынның жағдайын жаксарту үшін енбек еткендер бүтін халық үшін тер төрдегенде кім сенеді? Мойындауымыз керек, біздін әкімшілік аппараты жаңарған жок, ол тек ауыстырылды.

Әкімшілік-әмришілік жүйе тек кана сол аппараттың тәрбиесін көргендегер сүйенеді. Эрине, соңғы уақытта басшылық орындарга жана адамдар, жастар кел бастады; бірақ оған қарал та алдануға болмайды — аппараттың өзі қіндігін кесіп, тұсауын үзіп, колтығынан демеп атқа отырығызын жандардың жаңаша ойлауы қызын-ак. Токырау кезіндегі кабинеттің келген адамдардың аузын аштырмай, балағаттап күп шығыттың тонмойын, дүлей, топас бастытың орнына зиялы, мәдениетті ақылды, бірақ өз басының камын бұрынғылардан кем ойлайтын күлар келе бастады.

Басқару жүйесінін халықтың қаһарынан күттүлу үшін бір-екі жанды құрбандыққа беріп, оның әрі топтаса түстептің тағы бар. Желтоксан оқиғасынан соң 3. Камалиденовтің кеткенін мез болсал, жариялықтың алғашы жылдарында Д. А. Конавтың комекшілері мен А. Аскоровтың үстап, біздін аузымызды жалты. Ал шын кінәлілдердің 99% не осіп кетті, немесе өз орнында жүр.

Президенттің бүтінгі серіктерінің біреу де демократия мен үлттық тәуелсіздіктің туын көтеріп, құрекес шыккан жандар емес. Андысын аның, жел кай жақтан согады екен деп тың, тыңдал жүрген жандар «төкьеу заманының корығы» аталаған Казакстандың кайда алып барады екен?

Біздін жүйенін тағы бір жазылмаған заны — бастык болған адамның өмір бойы солай болып калу шарттылығы. Басшының қарапайым халық катарына косылуы — әкімшілік жүйесін іргесінің сөгілү сияқты. «Демек, басша да кателеседі екен гой» деген ой халықтың басына келмеуі керек. Америка президенті мерзімі біткен сон, радиога барып комментатор болып қызмет істейді және оған ешкім тандынды, талып түспейді. Ал біздін еде орнаның алынған соғоз директорының трактор айдағанын, ал министрдің токары болғанын естігеп емесіп. Өз орнында жұмысты дұрыстап үйімдестыра алмаған адам еш киналмай - ак екінші орынға кашеді де, сол жұмысын жалғастыра береді... Бастык тұғаннан соң, бастык болып дүниеден кету керек.

Жана заман, жаңару кезеңіне біз сол басшылардың нұсқауымен бармакшызы...

Казакстандық жазушы И.Шеголихин бірде былай деген болатын: «Кезіндегі мемлекеттік шыгармаларымға ешкандай әдебиетке катысы жок деп баға бергендер бүтін сол шыгармаларының әкел, тез басамасы деп отыр». Ен коркыныштысы — екі сөзді де айткан бір адам. Ол әлі де отыр.

Орта буын басшылар, немесе «орындаушылар» — бүкіл жүйенін езегі сиякты.

Біздін өкімшілік жүйенін ен «тамаша» жері — жаупкершіліктің жоқтығы. Эрине, олар талай «қілемге шақырылып», түрлі жаза алып жатады. Ал қалып алдында не салуаушылар алдында жауап беру біздін көфамға мүлдем жат құбылыс. Сондыктан да бізде қылымыс бар да — қылымысер жок. Арадалы құрдымға айналырып, миллиондаған жандарды өлімге байлаган адамдардың біреуін көрдін бе? Желтоқсанда қашама жазықсыз жандар жазаға тартылды, ал жастарға өтпір айып тастактан не бір тергеуші, не бір сот жауап берді ме? Ал біздін республиканың астанасын Төтенше комитеттің / ТЖМК/ сойының соккандар елі де басқарып отыр. Біреудін диссертациясын қөшіріп доктор атанған адам студенттерге дәріс беруде, казак қыздарын итке талатқандар әлі де тәртіп сактау орнында жұмыс істеп жүр.

Тағы бір індейт — басшының өз ісіне ықыласы, жан-тәнімен берілуі өте сирек кездесетін құбылысқа айналған. 1988 жылы республика бойынша алғашкы «Қазак тілі» көфамын құрып, облыстардағы жастарды осы жұмысқа жұмылдырганда не таптық? Сол кезде аузын ашып отырғандар немесе «казак тілін сендер жетістірсіңдер» деп бізге құлгендер бүтін казак тілін дамыту жөніндегі комиссияда отыр. Олардың тілге жаңы ауырмайды, жел бүтін кай жақтан сокканын сезіп, шамасы келгенше Тіл туралы занды бөгей тұру үшін гана жұмыс істемек.

Компартияның басшылары Жоғарғы Кенес, Министрлер Кенесі мен түрлі дәрежедегі атқару комитеттеріне барып, жұмысқа тұрды. Енді гана енсесін көтеріп келе жаткан жана жүйе тарғы да әлсіреп, аппаратуралық ауруға асқына түсті. Кеше гана бар күш-жігерін партияның идеологиясы үшін берген жаңын өртепениң /партияның кеудесінде әлі де жаңы барда/ барлық идеямен кош айтысып, министрлік креслосына отырыу да тек біздін елде болатын оқига. Батып бара жаткан кемені капитан ен соңынан тастан кететін адамшылық занды бар емес не?

... Қысқасы, ескі қозқараспен, ескі күнөмен, ескі тәсілмен жаңаша жұмыс істей мүмкін емес.

## ЕКІНШІ СӘЗ. Зан туралы.

Занды мемлекетке өмір сүру үшін жақсы зан шығару жеткіліксіз. Сол занға бағынатын адамдар мен занның әр әрпін бакылап отыратын мемлекет жүйесінің қажет. Ал біздін бүтінгі жағдайлымызға келсек...

Біріншіден, біздін занды ешкім түсінбейді. Ал зангерлер сол занның жүзеге асуын бакылаудан гері оны түсіндірумен көбірек айналысады.

Менинише, занның түсінікті, анық та айқын болуы — біздін елдін басшару жүйесін мүлдем түйміс. Хан мен караныны, бассын мес косшынын зан алдындағы хұкы бірдей екенін халық түсінсі, билеуші топтың жағдайы калай болады? Мындаған зан қызыметкерлері мен жүзедеген кенсөлдердің бос калатыны тарғы бар. Түсініксіз, жұмбак зан коркынышты да — оған ешкім арқа сүйегін алмайды. Және бір тамаша жері — біздін занның бантарын сағыз сиякты кез келген жаққа тартып, түрліше түсініруге де болады. Егер осы түсініретін зан аппаратуралың өкімшілік-партиялық жүйемен біte кайнасып кеткенін есімізге түсірсек — біздін елде ешкандай зан жок деп сенімей айта аламыз.

Екіншіден, бар занның өзін бізге ешкімнің көрсеткісі келмейді. Бағаян қон грек мифтерінде құдайлардың аламдардан отты тынып койғаны сиякты, кандай занның бар екені, олардың біздін кандай құқымызды корғайтының ешкім білмейді. Қаратер болып әлділдік іздел, талай жерге жатыз, талай кенсөнін есігін бузып етіл, бас әкімге жеткенде веziнін алтын уақытыннан босқа кеткенін бір-ак блесін — ол жұмысты сенін алғашки барған жерін шешуін көрек екен. Ал сен еткен кенсөнін біреуі де саған оны түсініріп жатпайды. Занның омірге арасалының ешбір орын бакыламайды, осыдан оның бар екені не жок екенінің көніл аудармау пайдала болады.

Ушиншіден, біздін бір заннымызды екінші зан жокса шығара береді.

Жақындаған француз тіліндегі «Монд» журналының тілшісіне «руқсат етілмеген жыны» деген сөз тіркесін түсініре алмай-ак койдым. «Жының» рұқсат етілу не етілмей адам құқын бузу екенін біз жақсы ғілеміз. Бірақ қалалық атқару комитеті Париж бен Хельсинкіге қарағанда жақын ғой.

Төртіншіден, біздін Зан-бileusін топ өкілдерінің-өкімшіл-өміршіл жүйенін, қаржайым халықтың басысы, колдан шыгармадын құралы болып отыр. Демократиялық елдердегі зан жеке адамның бостандығының корғаса, біздін зандар мемлекетті корғайды. Байқайсыздар ма, заннымызда азаматтарға берілген құқыктан гері тиым салу басым. Конак үйдін нұсқауынан бастап, көфамдық

Үйімдардың заңына дейін «болмайды», «тиым салынады», «рүхсат етілмейді» деген сөздерден аяқ алып жүре алмаймыз. Дүкенде дүкеншінін міндегі, ал поездә жолсеркітін міндегі жазылып, оны бұзғанда кімге хабарлауды жазып койса, қунделікті дерекілік пен мәдениетсіздікке үриңбаса па едік. Адамның бас бастандығы мен еркіншік сезімі ес білгеннен бастап тим салуғаға соктырып, бірте-бірте басыла береді. Жассаншактық пен сенімсіздік — жалтактық тұлдырылады. Шет елде жүргендеге өз елінін адамын бірден танисын — «бірдеменін болдіріп аламын ба?» деген коркыныш сезімі біздін жүргегіміздің ен терен каттарында жатыр.

Біз зиннан коркамыз, ал баска елдер занды арка тұтады!

Бесіншіден, біздін Зан барлық азаматтарға бірдей емес. Когамның өзі қалыптастырыған өмір заңы қағаз беріндегі барлық жандарға бірдей баптарды екіге беліп қойған. Сохваңда келген койшы мен директор бір кезекке тұрлы, бірнеше жылдан сон, бірге үй алды ма?

Сонғы кездерде азаматтардың көзі ашила бастаганын байқаған билемші занды өз пайдалына жараты бастады. Аскаровтың ісін алайык... Ен ұтыы — Кайрат Рысқұлбековті дәл Аскаров сиякты ешкім жанталаса корғаған жок. Ал Фариза апамызың қырышын кеткен Кайратқа арнамаған өлең-жырын Аскаровка арнал, оқырмандарды жерге карратты.

### *ҮШІНШІ СӘЗ. Құпиялық туралы ашық әңгіме.*

Біздін еліміз — құпиялық ел! Оған ешкімнін таласы жок шыгар. Құпиялық болған сон, оны жүйелеуге де болады.

1. Күнде көріп жүрген, бәріміз де білетін құпиялық. Бұл салаға дүкенге канша жәшік арак және оны кашан сатады деген сатышылар құпиясынан бастап, акша айырбасы кай уақытта болады деген әлеуметтік құпиялар жатады. Жариялықтың келгелінен алты жыл болса да, Алматының автобустары кашан жүріп, кашан демалатының біле алмай-ак койдым. Бір қызығы, оны жүргізушилердін өздері де білмейді... Ал аялдамадағы жазулардың тек американдық шипондарды алдау шин жазылғаны білге құпия емес.

Бос шыны қабылдайтын немесе қағаз қалдықтарын өткізетін жерлердін кашан ашылдын жұмыс істейтін тек сауда министрі ғана білетін болар. Екі жыл бойы темекі фабрикасы үзілсіз жұмыс істеп, сыйнадардың қалтасы кішігірім дүкеннін коймасына айналғанда, бір де бір дүкенде темекі сатылмауын өскери құпияга калай жатқызымыз. Ашығын айтсақ, менін жанымна бататын ен үлкен құпия —

сыраханага сиралып тусу мерзімі. Бұл мәселе — тольк күпия! Талай балгерлер мен күмалакшылар да осыны дәл айтып бере алмай, үятка калды.

2. Өр мекеменін ішіндегі өз құпиясы. Бұл мәселе кім кайда барады, кандай орында отыралы деген құпияның сиралы ашудан басталады. Сонғы уақытта дүкенге түстептін заттардың саны құпияға айналған сон, сауда мекемелері әр көсіпорынға, мекемеге барып жұмыс жасауда көшті. Сол-ақ екен жергілікті комитет пен өкімшілік қызметкерлері «мекеме-сауда құпиясының» иесі болып шыға келді. Канша зат өкелінді, ол калай белілінді, кімдердін каншадан алғанын болу — Гитлердін бункерінен сефітті алып шығудан да кана! Қоғілодак комитеттін тағы бір қызыгыштай корыткан құпиясы — пәтер кезегінде жандардың тізімі. Кезектен тыс пәтер алуға ҳұқы бар жандардың аты-жөнін еш жерден таба алмаймыз.

Құпияның тағы бір түрі — аламдардың үш үйіктаса да түсіне кірмейтін зандар мен нұскаулардың авторларын жасыру. Кезінде Королев пен Курчатовтың есімдері құпия болса, бүтіндері солардың катарына мындаған жандар көсліді. Қызмет иесі үшін бұл бір тамаша тәсіл — «Занда солай жазылған, ал мен орындаушағанамын». «Ал осы ақылмак занды кім жазды, кім бекітті?» «Құдай біледі». Құпияның иесі құдай болғанда, пәнденін аузына күм құйылады. Қысқасы, өмірге келген ер зиннан иесін халық билу керек — кімді картап, кімдерге алғыс айттынымызда анықтап алайык.

Байқаусыздар ма, құпия дегеніміз көп жағдайда бізден жасырған жария мәлімет болып шығады. Ешкім онын шекесін «өте құпия» деп таңба баспайды... сонымен катар халықтың алдында жайып та салмайды. Жатакханадан студенттердін тек халық сотының шешімшім шығарлышының білтенде, жагамды үстәдім — бізді комендант та, студенттер кенесі де, керек десеніз, декан мен ректор да шыгара беретін. Демек құпиялық — зансыздықты тұлдырады.

### *ТӨРТІНШІ СӘЗ. Беделді адамның ақылды болуы шарт емес.*

Адам адам болғалы, кез келген ортада ақылды да әділ жандар халықтың сеніміне ие болған, көшілік сонын аузына қарған. Бізде ғана керісінше, — сенім сол адамның жасаған тамаша істерінен тұмайды, отырған орнына ғана байланысты. Онын әділдігі мен азаматтығы бедел әкелмейді — беделді адамның айтқаны әділдік болып есептеледі.

Тоталитарлық жүйенін үлкен ауруларының бірі — «беделге» күле отырып, мазактап анекдотка коса отырып, сонын айтқандарын орындау. Кім жогары тұrsa — сонын айтканы да «биік шындық». Сөвхоздың басшысының сөзінен көрі, аудан басшысының айтканы алтын, ал мемлекет басшысының кателесу мүмкін деген күпірлік еш пенденін басына келмеу керек!

«Басқаша ойлаган» адамдарды қудалау — тоталитарлық қоғамның алғы жоныла коймаган бір белгісі. Демократия келді екен деп аузыздарында ашып қалмандар, теледидар мен радио, газет беттері «басқаша сөзді» шығаруна жолында алғы да қызмет етіп келеді. Басқа көзқарастың пайда болуының өзі мемлекеттік аппарат үшін кешірілмес күнө болып табылады. Конеавтың уақытында онын канаттың сөздері жок кітап жарық көрмегенін беріміз білеміз, ал қазір Назарбаевтың «терен ойлы сөздеріне» тамсанудамыз. Келесі кезек кімдік екен?

Осылан келіп, біздін қоғамызыда нағыз саяси беделге не қоғам кайраткері бар дегенге сенгін де келмейді. Себебі оның жүрік ойын салыстырып көретін басқа пікір жок. Ал онымен тен жағдайда, ашық айтысын, пікір таластырытын жаң болмаса, жалғыз жүргіріп бірінші орын алғаннан кімге пайда, кімге зиян. Қоғамдағы әлеуметтік еділдікке негізделген мүмкіншілік тенденгі ғана кімнін дарын екенін аныктап береді. Ал біздін қоғамда дарын мен беделді онын отырған орны мен қызметті ғана аныктайды. Биліктің деңгейі — беделдің көрсеткіші. Онын сол орынға калай көтерілген есепке де альнибайды. /Сондай қызметке көтерілгені дөң сондай дарыны мен қасиеті болғанда деп қалманыздар/. Біздін жүйенін ішкі заны бойынша жогары орындар теменгі жакқа қарағанда ақылды да әділ, демек кімді кайда отырғызылымын да бізден жаксы боледі.

...Коғамды мемлекет алдында корғап шығатын жандардың көпшілігі «еркін» ойлайтын әлеуметтік топтың екілдері болып келеді. /акын-жазушылар, өнер адамдары т.б./. Бірак оларды да біріктіріп, жүйенін қызметшісі етіп коятын тамаша күрүлым бар. Бұл — түрлі қоғамдық одактар. Сондықтан болу керек, біздін елімізде тамаша жазушы, акын, суретшілер бар — бәрі де тамаша дарын иелері, бірақ азамат емес...

Баспасөздін де негізгі қызметі — мемлекет билігіне қызмет ету. Сондықтан болар, ақпарат хабарларында жогары бедел иесін мактау мен маддектау, егер оған шамалары келмесе /мактау да өнер!/ , тамсану бар. Демек ен әділ, ен ақылды, ен..., ен.... болу үшін ен биік мансап пен білік керек. Сен әділ болғаннан сон ел басқарып отырған жоксын, ел басқарып отырған соң ғана әділсін, ен ақылды

болғандыктан бедел иесі болған жоксын, бедел иесі болғаннан сон.... ақылдысын. Сайлау алдындағы Казакстандағы жағдай, болашак президентті «маддектау» жолындағы қalamгерлер жарысы да соны көрсетti. Кейір жолдарды оқығанда, өз басым Назарбаевтan да катты ынғайсыздандым.

Адамдар о дүниеден кайтып келетін болса, құдайға ешкім сенбейтін шыгар.

«Азат» газеті, 1991 жыл

# ТОҚСАН ЕКІНШІ ЖЫЛДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ

## БЕСІНШІ СӨЗ. Үлттүк апаптың қаupи қасымызда жүр.

Мектепте жүргенімізде географиялық картадан елді мекендердін аты жазылған сөздерді жасырын ойнайтынбыз. Көзге көрінер-корінбес өзен, көл, тау мен кала атауларын шүкшінә іздел, әрен тауып алтынбыз. Қашкене атаулардың іздел үйрентініміз сонша, балырайып тұрған үлкен сөздерге көніл болмейміз — осыны пайдаланған кейбіреулер бүкіл бетті алып жататын атауларды жасырып, бәріміздің кара терге салатын...

Қүнделікті көріп жүрген қаупіттін орасан зор екенігі сондай, біз оны қаупі деп түсінбейміз де, себебі апаптың көлемі соншалық. — біздін жаңарымыза сыймырды. Ал қүнделікті күйден тіршілікте жаңағы қаупіттің өмірізбен біте кайнасып, арапасып кеткені соншалықты — оны үлттүк апап емес, табигаттың жазылған реттінде, құдайдың сызып берген жолы реттінде кабылдаймыз.

Бесінші сөзде үлттүк қаупіттің бірінші салыстында тұрған жағдайға ғана тоқталмакын. Ол — мемлекет жүйесіне тікелей қатысты, сонын асерінен пайда болған маселе.

Тәуелсіз Казакстанға бұрынғы мемлекеттік жүйе мен одактық құрылымның қалдырылған індегі — коррупция /латын. -мемлекет басшыларынын. саяси кіраткерлердін, үкімет және көгамдық аппараттардың шеңеуінкітер мен қызметкерлерінін, сайланбалы орындағы басшылардың сатылымпаздығы/. Оның көзге көрінбейінін де накты себебі бар — коррупцияның өркендеуі мен дамуына бәріміз де катысамыз, ол тек біздін гана колдауымыздан тіршілік етеді! Демек, негізі — сол көгамдағы, сол мемлекеттік бағылардың саналы азаматтар. Перзентханадан бастап, дүниеден кіткаптада сондық сапарға аттанысранға дейінгі біздін өмір жолымыз алыс-беріспен, сатылу мен сатудан, жағымпаздық пен жарасмактыстан, әділестіздік пен сол әділестіздікке көзжүмбайлыктан тұрады. Тағы бір коркыныштың жері — будан уялған жандық көрмейді. «Үят — адамның ішкі ашуы» болса, сол ашуды басу үшін, демек өзіміздің уяттымызды жасыру үшін, өз арсыздығынша өзіміз бага береміз: «Онда тұрған не бар, майламасан — жүрмейді», «Сыға-сығы деген дәп жылмиғанда, тек өзімізді гана емес, арсыз көгамынды да актаймыз. Пара мен басшылық жерде отырған жақынның колдауы — мактатқа жетудің ең тиімді жөнө бірден-бір жолы екенін бәріміз білеміз. Өзіне сенимді,

бәрінен оқ бойы озық тұрған азamatтар да осы соклап арқылы жүріп етеді — себебі басқа жолды ешкім білмейді. Адамның іскерлігі, ақылы мен тапқырлығы, талабы мен дарыны екінші орынға ығысады/ демек талап пен дарынның, білімнін жақетсіздігі осылай туды/. Тек диплом үшін оқу /білім үшін емес/, /ғылыми атак үшін диссертация корғау, халық жақетіне жарату үшін емес/, т.б. «тамаша мактаттар», міне осында пайда болады.

Коррупцияның шексіз канат жаою мен жасырынбай өмір сүрүне текті кана мемлекеттік жүйе, бюрократия кінәлі екен деп көтөлеспейік. Барлыған өзіміз кінәліміз. Карсылық болмаган жерде женистін кімнін жағынан екенін түсінікті шығар. Ен арлы деген жаңнан өзі ері кеткенде коррупцияға араласпаймын, колымды былгамаймын деп, өзін-өзі алдаркатауды, бірақ өзінін үнсіз келісімімен сол көгамдық құбыльыстын жандануына жағдай жасап жүрген жаксы түсінеді. Эрқайсымыз окуға бала түсіріп немесе істі болып көрғен шығармыз, сондағы басымызды ауыртатын негізгі сұрақ қанша беруде және калай беруде... Біреулер бұны пендешлікке жатқызыды, ал бұл біздін екіжүзілігін шығар? Ақтадының екінші жолы — «басқалар білден де көп алып отыр» деген сез. Бала сияқтымыз, «анау қандай қылалы, мен неге буладай кыла алмаймын» деген оймен арымыздын алдында кімді актаймыз?

Салыстырмалы турде алғанда, сөз жок, бунда да «әділдік» бар. Айна 112 сом алатын /80 жылдарды/ университет оқытушыны 60 сомын потерге телесе, калған 52 соммен 2-3 баласын калай асырама? Онын балаларына нан үшін алғаны мен үйі, саяжай және машинасы бар профессордың алғанының ортасына тендік белгісін қояға колым барада емес. Бірақ, мойындауымыз керек, бұл да өзіміздің актаудың бір түрі...

Темір жолдағы билет сататын жаңнан бастап министрде дейін бұл ынсансыз жүйеге кірмейтін алеуметтік топ жок.

Адамдардың екінші болігі коррупция тікелей қатыспайды, олардың лауазымы мен істеген қызметі оған сал келмейді. Бірақ — бұлар да қарал калмайды — мемлекеттің үрлайды. Үнсіз жұмысын істеп жүріп, көгамдық меншіктен өз көреп /көрек емесін де/ ала алады. Бұлар біздін советтік қозғарас бойынша үры емес — «алып келүші», ал пара алушы — «қылымы емес — көмектесүші».

Бәріміз қылымысқер болғанда кімнін алдында актальмапыз?

Мемлекет пен үкімет бізді тонайды, ал біз мемлекетті де, бір-бірімізді де тонаймыз.

Коррупцияның ашықтан-ашық дамуының бір себебі — онымен күрес жүргізетін зан орындарының іріп-шіріп, сатылымпаз органға

айналуы. Ал екінші себеп – осыны болдырмауга арналған мемлекеттік зандар жүйесі жок. Бұл екеуі де бір мезгілде өмір сурмесе, ешқандай пайда бермейтін ескерту артық болар.

Коррупцияға карсы зандарды, маган салса, табыс туралы декларациядан бастар едім. Бір жылдан ішіндегі табысынды тексерушілерге көрсетіл, салыңынды төлең, оның кандаи жолдармен келгенін дәлелдеу – алым-берімді біршама киынлатады. Екіншіден, адамның енбекімен, айласымен, миымен, т.б. келген барлық пайданы /табысты/ бакылайтын мемлекеттік орын керек. Мәселе сенин канша тапқанында емес, калай тапқанында да көзден таса етпей.

Жақында Алматыдағы Кенес зиратынан жер алу шүін біреулерге көп акша беру керек екенін естілім... Басынан аяғына дейін шіріп кеткен, карғыс атқыр кандай когамда өмір сүріп жатырмыз!

### АЛТЫНШЫ СӘЗ. Коммунистік партия туралы

Біздін елімізде ешқашан, ешқандай партия болған жок. Коммунистік партия деген жалған атты жамылып, сырт көзге «енбекшілер еліне сол елдін алдынын катарлары саяси күші басқарады екен деген көрсету үшін өзінін халқын да, баскаларды да алдаған билеуші топ кана мемлекет басынан болды. Партия деген сөз де соларға қызметтетті. Беріміз осы бір жаппай сикырдын шырмазында жүріпзі... Эріне, ішінде осы сикырға арбайшы калған бірлік жарымында адад адамдар да болды, бірақ бұл топтың негізі бірін-бірі тандап, іріктеп, сатып алыш, катарларын кебейтіп жатқан арасыз адамдар еді. Олар мемлекетті ынғайтуы үмтілді – себебі мемлекеттік жүйе халықтың жағдайын емес, солардың тіршілігін ойлағытын. Олар үлкен күрьыстар ашты, тың көтерді – онсыз кара халықты алдан үстап тұруға болмайтын еді.

Міне, осы өмірдегі жок компартия ... «жойылды». Барлық былығы шығып, құнғаға белшеден баткани белгілі бола бастап еді – жаба салды. «Ал, кімге такпаксындар? Партия жок! Мен коммунист емесмін! Біз – таратылғанбыз!».

Бос сөз! Әнгіме коммунистік билеуші партияның жоғалуында емес, кан мен кірден сауыс-сауыс болған бешпентті шешіп тастауда болып отыр. Әнгіме басшылықта отыран билеуші топтың мұрты бұзылмауында. Олар ертен кандай ат алады, кай партияға барады, оны калай кайта жабады – бәрі біздін шаруамыз емес. Кенірдегімізді жыртып канша айқайласқаң жәстене шықлады.

Дегенмен, өз басым, жанадан құрылып жатқан Қазақстан

коммунистік партиясын жактаймын. Әр адам өзінін көзкарасын сактап калса, сол шін күреске әзір болса, алдында калпағымды шешуге әзірмін. Ал партия тарады, мен кәзір коммунист емеспін деген жандарға түсіне алмай-ак койдым. Миыма кірмейді! Калайша кеше партия мүшесі болған адам ертен өзінін өмірлік маскательнан бас тартып шыға келеді? Кімді алдамақшы? Өзін бе, өзені ме? Коммунист деген атак партия билетінде емес, жүргөт мен миынын ішінде ғой — ол сенин халқынды бакытқа алып бааратын мұратын емес пе? Бір күннін ішінде одан калай бас тартуга болады. Көзін енді ашылып калды ма, өлде аяқ астынан болған, бүкіл Қазақстан коммунистірін маскара үткіп калдырыган съездін шешімін мойындағын ба?

Партия деген атты жамылып, халықты осындаид кайрышылыққа жеткізген аксусайектер тобынын шын бейнесін ашып көрсеткендеге, біздердің көлемедел жүлгендерін кайда? Жұмыстар шығарып, тентреткендерін кайда? Ал бүтін біздін бетімізге тікten караудан үйлайтындарында калай түсінеміз?

Жел кайдан сокса, сонын ынақын кисатын басшылары бар кайран халқымыз кай жерден шығады екенсіндер!

Мен коммунистін, сол шін бар өмірімді бәйгеге тіріп күресуге өзірмін деген азаматтарға сол партиямен үш жыл бойы күрескен социал-демократтардың аттынан алғысымды айтамын.

Елімізде билеуші партия деген топ болды және сол топтың, бәрі дерлік өз орнында мықты отыр. Менин алтыншы сезімді оқыған соң сол жандар миығынан ғана құлпіп коятыны анық.

«Азат» газеті, 1992 жыл

### ЖЕТИНШЫ СӘЗ. Заңбұзарлар ел, кімге өкпелейсің?

Озіне жақетті занды сол когамның әрбір азаматы берік үстап, терен түсініп, құнделікті колданып, корғап, сактап, күреспесе, кейіннен заңсыздықтан тұган «өмір қағидасының» пайда болуына өздері жердемдеседі екен. Занды біле отырып, онын бузылуына көмектесу, занды мойындауышларға сыйбайлас болу – тек біздін когамдаған болатын алеуметтік ерекшелік.

Манадайында жасыл жарығы бар таксидін бос екенін бәріміз білеміз. Онын есігін ашып, жайғасып отырып алып кана, «Кай жакка барамыз» деген сұраулы жузін сізге бүрган жүргізушиге бағытынызы сілтеген кандай жаксы. Кандай жаксы деймін-ау, солай болуы керек те. Бұл – бізге берілген күк. Ал жүргізушинін міндеті ғана. Бірақ біз, осыны біле отырып, жүргізушиб же жалбарына карап, жарамсактана

куліп, «Сіз Айнабұлакка апарып тастамас па екенсіз?» — деп сұраймыз. Жүргізуші де занды жаксы біледі/міндепті де түсінеді/. Бірак өмір бойы өзіміз тәрбиелеп, өзіміз үйреткен текеміз аузынан темекісін алмай, «жок» деп жауп береді. Егер дамыған елдің бірінде осындан жағдай болса, жолаушы не талып калар еді, не жүргізуші ертеңдің жұмысының калады.

Бірак біз ондай әлжуз аместіспіз — «кеширініз» деп есігін жаба сала-мыз. Таксидін — мемлекеттік екенін, ал жүргізушиң — белгілі міндепті бар екенін. оны бақылайтын орындардың бар екенін ол орындағы жандардың біздін мандай термен тапкан ақшамыздан жалакы алатынның бәрімін жаксы білеміз, бірак... Өмір бойы колында бармактай билігі бар адамдарға бағынышты болу санаымызға сініп кеткен бе, үндемейміз. Бишарап кейіптек түк森іміз, маскара болып, занымызыды таптатқанымыз, корланып, жер болып қалғанымызыда жұмысымыз жок. Машинанин билігі — жүргізуши емес, халықка қызмет жасаудын ережелерінде, зандар мен нұскауда екенін әлі түсінбеген сияқтымыз.

Кабыргада «бос шыны кабылдауга міндепті» деген жазуы бар дүкенге кіріп: «кеширініз, менін екі шынын бар еді...» деп күмілжіміз. «Казір жәшік жок!» — деген сөздін дұре ете қалатынның жаксы біле отырып, жаксы жазуды көре отырып, дүкеншіге мөліе караймыз. Ол да осыны күтіп тұрады. Жәшіктін мосеселіс саган ешкандаң да қатысы жок — оны екенін де білесіндер, бірак оған да, саган да ездерінін азаматтық корқыншылардың ақтыйтын дәлел керек. Оны орындаушы, халық қызыметшісі ретінде кабылдамаймыз, дүкеннін иесі деп түсініміз. Керек десенің, занды бұзғанына ол ешкандаң қызылмайды, саспайды. Себебі, сол занының обьектісі — халықтың озін мойындаимаймыз, сол арқылы онын барлық касиеті, күші жойлады.

Егер маган салса, бос тұрган такси жакындалап, жасыл жарығын көре тұра: «Сіз мені Аксайға жеткізіп тастамайсыз ба?» деп муләйімсіген жандарға сол жерде айып салатын зан шыгарар едім. Таксидін жүргізуши: «Бос екенін жасыл жарықтан көріп түрзісіндей, менін міндептімді де білесін, бул кай мазағыныз? Мені ақымақ еткініз келеді ме?» деп бізді тұмсықтан бір койып жіберсе — мүмкін, халықтың акылы соңда кірер ме еді?

Менін ете қызықты, алеуметтік тәжірибе жасап жүргеніне он жылдан асты. Жас маман болып, жолдамамен институтқа келгеннен бері үй сұрап ешкайда барған еместіп. Зан бойынша кезекке тұрған, күжаттарымды еткізіп, енді кілт беретін кезде шакырап деп күтіп жүрмін. Жакында үй береді деген сөзді естіген сайын, «жас

мамандарға кезектен тыс беру керектігін ескертіп, талап етсейші» деп ақыл береді. Мен де таласып, берілмеймін: «Үйді көсіподак береді. Барлық кезектегілердің тізім, күжаттары алдарында жатыр. Ректордың басқа жұмысы жок па? Кезектегі жүзделген адам онын алдынан етіп, жағдайларын айтса, касіподак комитеттін кәжеті канша?» Кысқасы, менінен бірге келгендер де, кейін келгендер де баязыда үй алып кетті. Менін «эксперименттім» ал жалғасуда.

Кейде мен мынандай ойға кетемін. Егер ешкін ректорға кірмесе, арыз алып немесе депутат салып, жан-жакта жүгірмесе, жогарыдан телефон соккызыбаса, занды түрде кезегін күтіп отырын болса, мемлекеттік сапта жылман, жылпос, кулардың жолдары біршама тарылар ма еді.

Зан бойынша басшыга барып үй сұрау керек, жағдай айту керек деген сөздер жок. Бірак біз... занға сенбейміз. Занды бақылайтын орындарда сенбейміз, айналып келгенде, өзімізге-өзіміз сенбейміз. Бірак шекандай зансыз-ақ үй алуға болатынның сенбейміз. Мемлекеттік занға сол мемлекеттік барлық азаматы пысырып та қарамайтын болса, мемлекеттік жүйе кімге керек? Зан кімге керек?

Студенттерді жатаханадан шыгаруға тек халық сотының құбы бар екенін өздеріне талай жерде ескертім. Ол да азаматтык баспа нараға ретінде Конституциядагы құқықтың біріне жатады. Бөрі түсінкіті, бастирн изел келісід, бірақ нәтижесі жок. Жатаханадан зансыз шыгарды деп соттасып жатқан студентті естіген еместіп. Оларды кез-келген қызмет іесін баспа нарағдан қуып шығады, онын ішінде студенттердің кенесі де, комендант та, декан мен олардың орынбасары да, керек десенің ректор да бар. Мүмкін, сол қызмет нелерінін өздері де занды біле бермейтін болар, бірақ құқының корғау өзіннен де міндептін бол.

Занлардың өміріне енбейу — азаматтардың жалтактығы мен бейжалытын ақтауында себін тигзеді. Тағы бір қызыбы — азаматтар өздерінің істегісі келмейтін жұмыстарын /истеуге тиіс жұмыстарын/ үкімет зан арқылы талап еткенін калайды. Кысқасы, дәрменсіздігін де занға жабады. Әсіресе бұл жағдай тілге байланысты занға деген көзқарастан анық байкалды.

1923 жылғы заннан бастап Қазақстанда екі тіл катар колданылады. Қазақша жазуға, сөйлеуге болатының бәріміз білеміз, бірақ оның іс жүзін асыра алмаймыз. Соңыдтан, «зан керек» деп айсал саламыз. Біреу бізге қазак тілін колдануға болмайды деп, тиым салып тұрган сияқты, жан дауысымыз шығады. Ал қазақша жазбайтынымыз, сөйлеспейтініміздің себебі біреу-ақ — өзіміздің болашагымыздан коркымыз, баязыда «ұлттышы» болып кетерміз деп бүкпантайласқас, бүгін қазақша білмейтін басшыларға кыр көрсеткендей боламыз деп

тарта соғамыз. Бізге берілген құқты мойындағымыз келмей/ өлі де үттімымыз бар екен/, үкіметтен... тағы да зан талап етеміз. Бірақ бұл занды да колдануға корка соғып отырган түріміз бар. Мүмкін, «казакша жазбаган казактар екі жыл бас бостандығынан айрылды» деген зан керек шыгар. Міне, сол уақытта «орысша жазар едім, соғталын кетемін ғой» деп бастырынын алдында акталауга болады. Бар пәлені занға аудара салып, қарап отырган кандай жаксы!

Іс-қағаздарын казак тіліне көширу әр адамның міндеттіне айналмаса, он жерден зан шыгарсан да, нәтиже шықпайды. Халықта, үлтка ете кәкетті, бірақ жеке адамға керегі жок занды калай атауға болады. Занды езіміз бұза отырып, сол занды кайта шыгаруды талап еткенде не табамыз? Өзіміздің дәрменсіздігімізді актаймыз ба, әлде үкіметтімізді адам құқын бұза отырып жұмыс істеуге мәжбүр етеміз бе?

«Азат» газеті, 1992 жыл

«Заман сондай еді ғой,» — деп бәрін заманға аудара саламыз. Бірақ сол заманды жасаітын да адамдар екенін түсінгіміз келмейді.

II тарая

## САН ҚҰБЫЛҒАН САЯСАТ

Әр когамдық кезең өзінің артында не бір тамаша сөздер калдырады. Біздін тынысыз әмірімізде де сонын уақытта, осындай оралымдар көбейіп келеді. Солардың біри – теңізегі кайык туралы нақыл. «Бәріміз бір кеменін үстіндеміз, осындай қын-қыстау жағдайда бірлікті сактайык, жан-жакка тартып, кайыкты шайқалтапсың» деген сөз Президенттен бастап, мінбетге көтерілген әр адамның аузынан естіледі. Бұл үран тек аралық күштерден ғана емес, оннан да, солдан да естілуде. Нәтижесін күрестен мезі болған түрлі саяси қозғалыстардын басшылары мен белсенділері тұларын орап жатып, осындай кезеңде кайыкты шайқалтапсың деп шештік» деп күбірлесе, консерваторлар мен радикалларды бір көрпенін астына жаткызып, оған партиялық аппараттың ескі системасын сыйналап кіргізбекші болған жаразтыруышылар «кемедегін жаңы бір» деп үн қосады. Бүгін тыныштық пен бірқалыптың жағдайды сактап калушылар ғана саяси үйлі жинауда. Ал «бірқалыпты» мен «бұрынныңын» арасын тақтастам жер сиякты.../«Бұрынғы» дегеніміз – тынысы тарыла бастаган кайта құру ма. алде кешегі токырау ма? – сол ғана анықталған жоқ.

Сонғы уақытта казак тілін үйренушілерден ағылшын, неміс, француздардан санын етіп келеді. Эрине, басқа мемлекеттермен сауда қатынасы, байланыс жұмысының үлгара бұл жағдайдың бір себебі екені сөзсіз, бірақ, екінші жағынан «болашакта ағылшын тілін білемеген жан күн көре алмайды» деген пікірдін де белен алып бара жатқанын көреміз. Әсіресе балаларын арнағы мектепке беріп, репетитор жалад, жедін кай жақтан соғатынын ерте сезетін «көзі ашық» жандар жанталасып жатыр. Шет тілін

менгерудін жақеттігін мен де мойындаймын, бірақ «орыс тілін білмесе адам катарына косыла алмайды» ұранның астында да өмір сүрдік кой.

Жоғарыда жағдайлардан басқа да жер бауырлай кіріп, бактерия сияқты көз ілеспес шашшандықпен тараған жаткан мәселелер жеткілікті. Теледидарға арналған ешкандаң зал болмғандықтан, тұрлы каналдарда шет ел фильмдері мен хабарлардың үзіліссі берилде. Бейнефильмдер бізді зорлық пен катыгездікке үйретеді деген айғайды баяныдан естіп келеміз. Бірақ мен ондай біржакты ойдан аулақпын. Фильмдердің ішінде ешкандаң келеніс оқиға болmasa да, карапайым үйелмен тарихына арналған немесе күлкілі, шытырман оқиғалы туындылардың өздері-сол елдін өмір салтының үгітшісі, сондықтан бүтінгі бұларшындердің дүниеге деген көзқарасын американлық режиссердін калыптастыруының көлікім келмейді. Ешкандаң мемлекет өз халқының жан-дүнисі мен жүргегін, ойы мен сезімін талапшайтын салын карат отырмайды. Бұны біреулер демократиямен бүркемелер. Жок, демократия бейберекеттік емес. Ен демократияшы Франция телеканалдарында Америка фильмдері көрсетілуіне уақытында катаң шектеу койылған. Тәулігіне не аптасына осыныша сағаттан аспастын фильм көрсетілуі шарт деген катаң зан бар. Оны бұзған телекомпанияларға ауыр айып салынады.

Ал білін бүтінгі бұлдыршинардың Чип пен Дейл, Том мен Джерри деген тамаша оқытушылары бар, ал Тазша бала мен Макта қыз есіктің сыйртында калды. «Слокойной ночи» деген сезден «Жайы жатып жаксы тұрындыза үйрени бергенде «Тут найт»- ка көшे бастапты. Жақында бір алеуметтік зерттеу туралы оқыдым. Эскерге алынған / әлде алынған әлде алынатын/ жастаңын кімге еліктеп, кімді-үлгі тұтатыны анықтайтын сұракка барлығы дерлік А.Шварценеггерді атаптасы... Кайран Бауыржан!

Каланың кинотеатрлары да амалдың жоктығынан шетелдің ең арзанкол, теменіт дөрежелі фильмдерін көрсетуге кірісті. Үйдегі теледидардан кашкан адамның барып тығылған жері калмасын дегендери болу керек.

Байқызылдар ма, Аяз атана бұрын Дед Мороз деп атайдын едік, енші Санта Клаус деуге көштін сияктымыз, ал куыршактардың бөрі — Барби, Синди деп аталаңы. Жақында бір француз: «Енде бес жылдан соң француз тіліндегі өлен айттын бірде өнши калмайды», — деп айткандың біздін ресторандардың өншілер есімін түсті. Бірде «Жетисудың» ішінде бір сағат отырганда казак тіліндегі бір ән естіген жокпын. Екі рет осыны ескертіп, лаяшы арқылы қағаз да жазып жибердім. Құлактарына қыстырымдайы. Соның жазған қагазымның соңындағы «АЗАТ» козғалысы торағасының орынбасары» деген сез

ғана қазак әнінің орындалуына қозғау болды-ау деймін. Демек, үкімет тараҧынан, жергілікті әкімшілік атынан занды реттегу жұмысы жүргізілмессе... жабайы аліспен, күш көрсету арқылы ғана тоқтау салуға тұра келеді.

«Ортта болдырмау үшін онын алдын алу керек» екенін ұмытып кеттік пе деймін. Шетелдердін барлығында дерлік бөтен елдін мәдениеттің таратау, үтіттеу, тілінің енуіне тоқсаяу болатындаң занды шаралар бар. Себебі, бұл — халықтың негізін, мемлекеттің тарегін төнгөн қаупі. Не іsteу керек? Эрине, әкімшілік жүйемен бұрынғы темір калканды тұсіріп шекараны жауып, шашы есken жастарды оқудан шығарып, бейнемагнитофоны бар адамдарды милицияның тізіміне алудың ешкандаң жақетті жок. Жеке адамның күкүйі толық сакталу керек. Бірақ мемлекеттік тұрғыш жоғарыда айтылған жағдайларға карсы бүтіннен бастап шара колдану жақеттігі — талассыз мәселе. Жоғары Кеңестен бастап, жергілікті әкімшілікке дейін өздерінің күкүйі шенберінде тіл мен мәдениеттің сактайдын зандар кабылдауда — кезек күттірмейтін жақеттілік. Әсіресе Телерадио компаниясы мен Акпарат және баспасөз министрлігі жоғарыдағы мәселелердің реттейтін шаралар колдану керек. Қазак тілінің жақеттілігі республика көлеміндегі кез келген шет тілдерден жоғары тұратын жағдай тұбызу да үкіметтің міндеттіне жатады. Әлеуметтік зерттеулер өткізіп, шетелдің әсері кай жақтан, калай, қандай деңгейде, т.б. кіргенін үзбей аныктап отыру керек.

«Жас алаш» газеті, 1993 жыл

## БІЗ ОСЫ ПШЕ БІЛЕМІЗ БЕ?

Арактың зияны, халықтың ішүте салыныш бара жатканы туралы жетерлікей айтылды-ау деймін. Ол әнгімелерден, үлагатты есінеттер мен күргак ақылдан ештеге шықлады, керісінше, соның тенгесіне жыныды су алып ішетіндердін катары кобейе түсken сиякты. Үлттың азындындау мен күрші кету қаупі де ішкілікке байланысты екенін бәріміз де білеміз, білеміз де күрсіне отырып, таты да бір бөшкенін колдан жасалған тығынын ашамыз. Бір-екі сағат у-ду әнгіме, көтерілген конц, іштегі пікірлердің тындаушы табуы-күнгірт өмірдегі күйбен тиришлікті, кедейлік пен бұлдыр болашакты ұмытырып жибереді.

Аракта деген бүтінгі көзқарасты дәрменсіздік пен болмыстан уақытша болса да кашу, арылу калыптастырыған сиякты. Күйим

ілгіштегі тонға тығып, өзі ешкімді көрмесе, оны да ешкім көрмейді деп түсінетін кішкентай бала сияқтымыз. Басын жазылғаннан кейін еңсөні басқан ку өмірдің нәтижесісі тырбанына кайтадан кірісеп де, табы бір мезет ойылшы да кеменгер, батыр да дархан болынын келіп, улы ертегін асыға күтесін.

Аламдардың ішкілікке салынуының себептері көп те шығар, оның ішіндегі экономикадан бастап психологияға дейін камтып шығуга болады. Ал, себебін, негізін, коргаушы, жетекшектеуші құштерін біле отырып, халықта аракты қойдыра алмайсын деп қызыл кенірдек болады.

Сонын бірі — Мемнін.

Менинше, біздін «ішмідікке карсы күресіміз» тым біржакты жүргізілген сияқты. «Арап — зиян», /дін — алиның дегендей/, сондықтан, оны ішкен адам — жаман адам. Бірақ, жер шарында аракты дәл осындай жолмен тыйған ел бар ма екен?

Аракта карсы курс жолында жазалу мен коркытып-үркүті де, емдеу мен күту де, сендеріү мен түсінірү де болды. Ақыр аяғында жайталған жүзімдіктерді талқандап, сирханааларды қирайттар. Ештеген шыкпады. Себебі, сол күресті жүрізіп отыргандардың өзлери де аракта кет әрі жандар емес еді. Қыскасы, бірімізді-біріміз алдап, кашып-псып, самогон жасап жүріп-ак шөлімізді бастық емес пе? Міне, сондыктан да аракты жену мүмкін емес деп ойлаймын.

Тариха көз салыныз: испандықтар үнділерди «отты суға» үртесте, Европа отарышылары Африка тайпаларын, Ресей империясының жерін көнегитушілар... Сібір халықтарын аракта бауыпты. Аракта біршама карсы тұра білген мұсылман діні болар, ал біздін халықмыздын мұсылмандыны езімізге мәлім.

Бірте-бірте Европа елдерінде, дамыған өркениетті үлттарда арак ішү мәдениеті қалыптаса бастады.. /Араклен олар да бір адамдай күрсекен, мәселен, ен алғашки «құртак зан» Америка Куррама Штаттарында жарияланған болғанды/ Аракты жеңе алмагандар, «ен болмаса бейбіт кітап өмір сүру принципін» сактап калуға күш салды. Америкада болған сапарымда олардың бізден көп ішпесе, аз ішпейтінін көзін анық жетті. Бірақ, әнгіме кімнін калай іштептінде сияқты.

«Шу мәдениеті» деген сөздін өзі бір түрлі құлакта тосын естіледі. Бірақ, әр халықтың үлттық ерекшеліктеріне сай мәдениеттінде, өмір сүру салтында да ерекшеліктер болатыны белгілі.

Қырлы стакана толтыра құюлын кайдан келгенін білмейін, бірақ өркениетті елдерде аракты ешқашан толтыра қүймайды. Бір ел, екіншінде асырмайды жеңе оннын устінен... су құды. Әрине, біздін

«таза аракқа» үйренген дәм сезу органымыз мұндай косындыны бірден кабылдай коймайды, бірақ олар үшін негізгі максат-бірден кылжып калу емес екенін есімізден шығармайык.

Көзге түсетін екінші мәселе — ешкім де колындағы стаканды тезірек тауысуга тырыспайды. Екі елі ішмідікпен кейбіреулер екі сағат отыраса, еңді біреудері сол кешті еткізеді. Ал біз алдымызға мұлда басқа маскат коямыз...

Барлық үйде дерлік ішмідікті жартылай ішілген бәттелкеден күйіп беріп, бізді тағы да бір оға қалыпты. Біздін ұранымыз — тығызынын ашқаннан кейін шөлмектін түбіне жетпей тынау! Ашылаған арап кую — сыйлы конакқа көртошке қуырып бергеннен бірдей. /Бір қызығы, осы әдettін калай қалыптасканын ешкім де білмейді/.

Менин ойымша, біздер аракты неліктен іштептінімізді әл де білмейтін сияқтымыз. Осы туралы ойланудын өзі санамызға сыймайды. Ишу мәдениеті — неңін және калай, канша мөлшерде ішуді түсіне білуден басталады. Мас болып, аяғынан баса алмай қалуды ешкім де маскат етіп коймайтын болар. Ал денене кан жүргіртіп, көңілдік көтеретір, еркіндікке жетептін мөлшерді анықтау кімнін де болса колынан келеді деп ойлаймын. Сондықтан да аракты не үшін іштептінізді түсініп алайык.

Казак халықының үлттық дәстүрі, әдettімен қанымыза сініп, өмірімзеге араласқан алет-ғұрпым ішмідікке салыну дөртін тежеуге колдануға болатын секілді. Әрине, ол үшін дәстүрдін жазылмаған заны екенін түсініміз керек. /кезінде «ескіліктің сарқыншагы» деп көрсетпеп пе еді/. Әр адам, асіресе, ауылдың беледі азаматтары ақаскалдар мен сыйлы аналар олар салттардың кайта жанғыртуда колға алас, қоғамдық санада да біршама өзгеріп болатындағы соғ жок. Менин ұсыныстарым — жаналық емес, /оны халық арасына тарату да, устану да киңіншық көлтірмейді/ осыдан он-жырда жыл бүрүн өмірдін орын алған мәселелер...

Арасы отырып жерде інісі аракты аузына алмайтынын Қызылорда жерінде талай көрдім. Тартогайдағы Оныбек бөлемнің үйлі-баранды, бірін-бірі тете інілері даастархан басында алдарына ішімдік койдырымайтын. Отыздан асып кеткен бір үйін кожасы болған азаматтардың кішкене ішіл алас, ағасынын көзіне түспей, тығылып жүрген маган қызы болып көрінетін. Бул да бір жағынан шектеу қызметтін атқаратын жаксы салт. Қымысуны мен үялу, үлкенді сыйлау — жаман әдettін бел алып кетуіне белгілі дәрежеде бөгет болатыны белгілі.

Дәл олسا сияқты атасы мен күйеу баласынын стакан сөзінде:

әке мен баланын катар отырып ішүі — соракы көрініс.

Жас кезімде талай ойын-тойды көрдік, бірақ, өйелдердін алдына арак-шараптың койылғаны есімдік жок. Бұл да бір катан ереже болып кітада жақет етегін өмір салты.

Сонғы уақытта үлттық, мұсылманлық мейрамшарда ішкілік жағын араластырма мәселе орынды көтеріліп жүр. Айт күндері аузызды аракқа былғама көректігін түсіне бастаған азamatтар осы шартты Наурызда да ұстай білсе, жақсы болар еді. Куаныш кезінде арак араластырмаудың ауылы алыс екені белгілі, бірақ, өлім-жітім, касірет-кайғының үстінде дастарханга бөтелкө көю мүлде ретсіз деп табылуға тиис.

Әрине, бұл айтылғандар салт-дәстүрдін тұрмысқа араласкан кішкене бір белгіліған. Бірақ осыларды ұстануды әрбір казак азamatтың өзінің бір борышы деп санаса, ішкілік мәселең біршама реттеліп, шектесу мүнделінген сиякты.

Үлттық наимстың ту қылым көтере отырып, негізгі міндет әр адамның өз мойнына түсетінін ұмытпайык. Осы жерде бәріміздің анық блүгө, жете түсінуге тиис бір мәселе бар. Ол — аракқа деген «күрметті» жоу, оны сыйластық пен дархандықтың белгілі, дастарханының солен соқыр сенимнен арылу. Ен болмаса, ішкілікті басқа тағамдармен катар коя білейік. Ішкін келді мі? Мінеки, альзыз. Бүгін тәбетін тартпай түр ма? Өзінің білніз. Бір алғаннан кейін тартыныңыза ба? Ол да өзінің шешетін мәселе. Ал бізде арак-шарапта дастархан мен сыйластықтың құдайы деп караитын сөкет қозқарас жақыптастан.

— Алып койсайшы, несіне пәлденесін? Бөленишеннің үйінде іштің гой, неге мениң үйімде шілпейсін? Сыйламайсын ба? Колына ұстал тұрсаңы? Ерінді тиғізсөн болды... Алдында тұрсын... — деп үздігіп еліп-талғандагы мақсатымыз біреу-ак — тәбеті тартпай тұрган шарапты адамның еркінен тыс ішкізу. Байқап карасақ, арактың мөртебесі наинан касиетін басып кеткен сиякты. Оны осы дәрежеге өзіміз көтердік, біздін ақымақтығымыздың итäтиjесі бүгін алдыңыздан шыыптың. «Аракқа зорлық жок» деген сөздін макалға айналғанда оның басқа тағамдардан ерекше екенінін көрсеткіши. Оны аспаннан жерге түсіретін уакыт жетті. Арак ішпедін деп ренжітін адамды сени құрметтейді, не сымлап отыр деп ешқашан ойлама! Ендеше, әркімнің өз арына жүгінгін азаб дер едім.

«Түркістан» газеті, 1995 жыл

## САЛТЫНАН АЙРЫЛГАН — ҮЛТТЫҚ СИПАТЫНАН ДА АЙРЫЛАДЫ

Үлттық демократия дегеніміз — халқымыздың салт-дәстүрі емес де екен?...

Әр халықтың мындаған, жүздеген жыл бойы калыптастан, өмір сынағынан еткен, тазаланған, сонан соң ғана қунделікті тұрмысынызға еніп, әдет-ғұрып пен салт-санамыздың орын алған дәғдышы бар. Басқа үлттың немесе Еуропа, Америка сиякты бүкіл бір халықтар бирлестігін мәдениеті мен өмір салтын екінші үлтка сай келе коймайды. Себебі біреу-ак — біздің де ата-бабаларымыз біз бара жатқан жоллардан сан қайтара еткен, аллатын алған, бірақ біздің мәдениетіміз бен үлттық ерекшелігімізге кайшы келетін жайларды жолтадаған. Мұсылман дінінің адам еркіндігін біршама шектестійн зандары да казак даласына кіре алмағанын жақсы білеміз.

Бүгінгі дубарда кезенде ен болмаса осы қазақтық қалпыныздың жақсы жақтарын сактап кала алсак, жарап еді. Мүмкін аузымыз көптрегене айттын «үлттық жаңтыру» сондаған өмірден өзінің орнын табар. Элі есімде, астаналық бір женгеміз етті ортага койып, «Ойтай, қасыкты ұмытып кетіппін гой, қазір әкелейн» дегендегі бір ағамыз: «Етті қасыкпен жеген кай қазақты қоріп едін» деп, ренжіп калды. Қытайлар кос таякшамен тамак жегендеге шанышық жетпей несеме онымен тамам жеуді білмегін калған жок шыгар.

Кез келген айқайланын сонынан шуалап, еріп жүре беретін болғандыстан, кейде халықты «төп», «тобыра» «көп» деп те атайды. Мүмкін, үлттық қазынаны — мәдениет пен өмір салтын, тілді қалай болса солай пайдаланып, кейін мүлде жоғалтып алып, «Ал» ұратын ақымақтығымызда тоқсаяул болсын деп, әскери жарты сиякты әдет-ғұрып пен салтын баянылар әдейі шығарған болар. Салт-сана деген сөздердің қосақталып тұруы да бекер емес сиякты, — салтынан айрылған — санадан да айрылады. Ал санасыз болу деген...

«Етті колмен жегенде немесе шанышымен ілгендеге тұрган не бар? Үлттық ерекшелігіміз сонымен сактала ма?» дейтінде де жетерлік, әрине. Дәстүрлі толық сактай алмасқ, дәстүр де халықты сактай алмайды. Оны жартылай сактау немесе тек түрін /формасын/ ғана алып калу — ақылға сыймайтын жағдай.

Екінші мәселе — бір-бірімізге карат, көпшілікті күз етіп акталау ауруы. «Баскалар да солай етті, біз солардан кембіз бе?» — дейміз. Әнгіме олардан жасаған жұмысы ақылға сай келетінінде емес, өзіміздің солардан калмауымыз жайында. Дұрыс па, бұрыс па, ешкім де ол туралы басын ауыртып жаткыс келмейді. Егер біреу жол

салып берсе, бейшара халық тозакка да тізіліп баратын болар.

Калыптаскан казаки дәстүрді жаңғырту — бүгінгі қажеттілік. Бес мاشы үйі катар отырып, сонын үшеуі арак сатып, калған екеудін солардан арап алып ішетін заманға да жеттік.

Дәстүрдін өрбір бағыты, яғни, тиым салуы мен талап етуі, жол көрсетуі — бізді белгілі бір дәрежеде ұстап тұратын шектеу деңгейі сиякты.

Жүзеген көзге көрінбес жілтер пендешілік пигылымыздын ерікстіс тұсан, тірепті жок қанбактан болек екенімізді қорсетпін түр. Жоғалған казакы салтымыз — үзілген жіп талшықтары. Барлай карасак, демократияны да ешкім ойлап шығармалы. Казак халықының салт-дәстүрі — нағыз үлттық демократия. «Адам құқығының декларациясында» сез бостандығы деген үгымды казақтар «Бас кеспек болсада, тіл қеспек жок» деген бір ауыз сөзін турыымдаган. Қысқасы, тәндік, алеуметтік әлділік, т.б. бүкіл адамзаттын арманы болған ұлы сөздер өр халықтың тарихындағы, даму, калыптасу жолындағы арман-мұдделерінің көрініс десек, категеслейміз.

Әрине, әмір өзгерген сайны, сол өзгеріске сай тұрмысымыз да түрлөніп отырады. Қос етек көйлек күй, автобустың артынан жүргіру мүмкін емес. Бұл — әмір талабы, қажеттіліктен тұган өзгерістер. Бірақ, кай заманда атамыз дастарханың үстіне араЄк койған? Бұған кандай «қажеттілік» негіз болған?

Қазақтың тамаша дәстүрін, үлттық ерекшеліктерін сактау үшін, сол азет-гүрьшіті өр адам жеке тұлға есебінде ұстана білу керек. Өзгеге жалтактамай, өзегін қоніліне келіп қалады демей ұстану керек. Сенін өз халықтың дәстүрін үстанғанын ренжитін немесе түсінбейтін жандар болса, — «тойға берген тайлагын» қайтарып алсын. Бізде құрттың «бірінші пәле — «онда турған не бар?» болса, екінші пәле — «басқалар не дейлі?» деген бір ауыз сез. Кез келген халықта түсінітіндерден түсінбейтіндер, ақылшылардан ақымақтар, батырлардан корқактар көп. Қоғтін қонілін табамыз деп жүріп, олай илесе де иленетін, былай илесе де иленетін пластилин болып кеттік-ау деп коркыбын.

«Ол не дегенініз, Соня апай?»

«Менің жасым 60-ка келіп калды. Ауруханадағылардын бәрі де мені «Соня» деді. Ал 30-ға толмаган бас дәрігерді «Иван Иванович» дег аттады. Соңда мен 40 жыл енбектенгенде аты-жөнімді толық атаяу күрметтіне ие бола алмaganым ба? — деп түніледі санитар-құтушы болып істейтін бір апайымыз.

Мұндай мысалдар тольы жатыр. Адамның аты-жөнін катар айтып күрмет көрсетуде орыстарда сол адамның азамат болуымен

байланысты. Кеше фана жалан аяқ, жалан бас шауып жүрген Миша бала әкесінін орнын басып, үйдін кожасы саналып, селонын жиынына катыса бастаса, оны құрметтеп «Михаил Семенович» дег атайды. Ал біздін бастьықа күйдайдай багынған заманда аты-жөнін катар айту — белгілі бір дәрежеге берілген құрмет сиякты калыптасты.

... Президент аппаратына ауыскан бір жолдасым телефонмен сөйлескенде: «Мен енді Мұрат емес, Мұрат Омаровичпін», — дегені бар.

Теледидар мен радиодан «пәләнше-түгенешевич» дег тілдерін бұрып түрган журналистерді көргенде өзімді ынғайсыз сезінемін. Казақтың барлық адамды тентеретпін тамаша мәдениеті, бай тілі кайда кеткен?

Үлкенді «ага» дег, кішіні «іні» дег, аралары жақын болса «Мәке», «Сәкемен» шектелетін сөздер нағызы халықтық демократияның үлгісі сиякты.

Әрине, алғашкы уақытта койшынын аудан әкіміне, сатышынын министре, аспирантың ректорға «ініш» не «сілім» дегені құлакқа да, адамға да жағымсыз естілтікі рас. Екіншіден, бұл қарата сөзді біреулер көтерер, екіншілер көтермес...

Шыныңда да, адамның дәрежесіне қарай сөйлеу де дұрыс болар. Бірақ, атак та, дәреже де әмірлік емес кой. Адамның адамға деген қатынассы қызметтін қарай өзгөріп отыраса, «қызықтың» үлкені сол болар еди.

Адамдарды жікке бөліп, өр топтын сөйлеу мөнерін басынды мен бағыныштыға телу социалистік жүйенін бір тәсілі еді гой.

Қазақтың ілтилаты мен күрметті қімнін неше койлек тоздырығанын бастап, самай мен сакалдың ағына, әмірден түйгенине қарай жіктелген. Сөлем бергенде колды алғаш кімге созу керек, кімдерге орын беріл, терді қімте үсуны керек — осының бәрі адамның кандай кабинетте, неше телефонның құлалын ұстап отырганына ешкандау да катысы жок.

Ендеше, казаки калпымыз, әдемі салтымыз сәлемдесуден басталса иті...

«Түркістан» газеті, 1995 жыл

## ҚИСЫҚ АЙНАДАҒЫ БЕЙКУНӘ САНДАРДЫҢ СЫРЫ

Сонғы уақытта қоғамдық өмірдің бір жаңалығы есебінде өлеуметтік зерттеу жұмыстары да қанатын көн жаға бастаған сеқілді. Ондаған жылдарда бір өткізілетін халық санағының корытындысына көніл аудармайтын азаматтар демографияның байыл койғанда, экономика мен саясаттың сан қырыл катпарларына үшін бастайды. Қімдердін қалай ойлайтыны, қанша адамның үкіметтен күдерін үзіп, қаншасының қандай партияның колданытыны, т.б. мәдіметтер, шынында да, қызыққұмар пендеге біршама ермек болатыны белгілі. Бул зерттеулер корытындысы саясатшылар мен галымдарға, журналистер мен қоғам қайраткерлеріне де тамаша құрал, бұлтарптас айғақ, толассыз дәлел болып табылады. Эрине, ондаған жауаптардан, жүзделген сандар мен проценттердің арасынан өзіннін ойна тұтыр етіп алғын деректі шығару пелендей қын шаура емес.

Оз басым, «Әлеуметтік зерттеу жұмыстары – қоғамдық өмірдің айнасы» деп жар салсан да, ғылым ретіндеге өзінін орны бар, аса жақшыл мәселеле екенін мойындағыны. Халықтың көзқарасы мен түсінігінен деңгейі, сенімі мен құдігі, максаты мен мұдасесі осы жұмыстардың нәтижесінде ғана көпшілік жетеді. Казакстанда бул жұмыстың негізі калыптысып, аяғынан түрлі кептесе де, бірнеше орталық жоспарлар туралы зерттеулер жүргізіл, нәтижелерін ақпарат құралдарында жариялай бастады. Олардың ішіндегі «БРИФ», «Гиллер институты», «Саясаткерлер мен әлеуметтік зерттеулердің орталығы» атап етіуге болады. Президент аппаратында да осындай орталықтың бар екенін ешқандай құдік көлтірмейін.

Әлеуметтік зерттеу жұмыстарының республиканың саяси-қоғамдық өміріндегі жақеттілігін мойындағының, әр орталықтың /кейде әр бағдарламаның/ белгілі бір максатқа сай жұмыс істейтінін де атап еткеніміз дұрыс. Әнгіме оның берілген тапсырмаға сай жұмыс істейтінде емес, /онда тұрған ештеңе жок, өзін-өзі каржыландыратын орталықтың бөрі тек акшага жұмыс істейді/, белгілі саяси нәтижени мансук етіп алып, соны дәлелдеу жолында да зерттеу жүргізуде болып отыр.

Гәzet берінен шықкан нәтижелері - сандар мен проценттер – саясаттан тыс қаралайым халық үшін үлкен идеологиялық үгіт жұмысы болып табылады. Оқырманндарға «көпшілік осылай ойлайды» дей отырып, әздерін де сондай ойға жетелетін жұмысқы саясат көп жағдайда әз дегеніне жетеді...

Екінші жағынан, сол жұмысты жүргізуінің көзқарасы да

нәтижеге тікелей әсер етеді. /«Казашының еркі бар, кайдан құлак шыгарса...»/ Оның сол мәселе туралы түсінігі, деңгей және алдына койған максаты зерттеудін субъектілігінін тамаша дәлелдемесі сиякты көрініс береді.

Тағы бір ескерे кетептің мәселе: Казакстанда бұрын әлеуметтік зерттеу жұмысын жүргізгендін арнайы мамандар болмаганинан кейін, түрлі ғылым саласындағы жандар осы бір қызысты да күрделі, саяси қураletінде аса бір үтимды мәселеғе тым батыл араласкан сиякты. Солардың бірі – тарих ғылымдарының докторы Нұрболат Масанов. Н.Масанов – орыс тілді газеттерде жи жарияланып жүрген, танымал саясат зерттеушілердің бірі. Этносасат, ұлтаралық проблемалар жөнінде, казак халықының тарихына байланысты бірнеше енбектері де жарыс көртеді. Оны жақсы аналитик галым есебінде сыйлай отырып, үлттых мәселеңін саясатпен араласкан қүрделі бунындағы кателітері бар деге ойлайдын. Әкіншіке орай, қалыптастып калған субъективті көзқарастың шырмауынан шыға алмаған галым, сонғы уақытта өзінін этносасат түсінігін әлеуметтік зерттеу жұмысмен негіздеуге бет бұрыпты. Жаңында болып откен «Пікірталас клубының» отырысында зерттеу жұмысының корытындысын жарияланған уақытта, ұлтаралық мәселеңін сөне бастаған шоғына май құйғандай әсер калдырыды.

Жеке кітапша болып шыккан зерттеу жұмысының корытындысына шолу жасап, негізгі мәселелерге байланысты косымша түсінікtemені сонында берегіт.

1. Республикадағы көші-кон мәселеңіне байланысты сұраптың аясында сонғы уақытта казак ұлтынан шыккан бастықтар кебейіп кетті мәдени сұрап көтірілген. Жауап берушілердің 61 проценті қалады қазақтардың саны кебейіл десе, 52,9 проценті казак басшылары кебейді деп жауп берген. Осы деректі бере отырып, автор «большинство казахов как бы «не замечают его» деген өз ойын да кыстыра кетеді.

2. Казак респонденттері әздерінің жағдайын да орыстарға қарғанда мүлде басқаша бағалайтын сиякты. 33,9 процент казақтар, 19 процент орыстар бағығы қарғанда материалдық жағдайымыз өзгеріссіз калды десе, 23 процент казак, 12,9 процент орыс жағдайларының жақсара түскенін айтады. «Сонғы үш айда экономикалық жағдайларының қандай күйде» дегенде 53,7 процент казак, 45,3 процент орыс – «бағығ күйінде калды», 19,5 процент казак, 11,5 процент орыс – «жаксарды», ал 25,9 процент орыс жағдайларының жақсара түскенін айтады. «Сонғы үш айда экономикалық жағдайларының қандай күйде» дегенде 53,7 процент казак, 45,3 процент орыс – «бағығ күйінде калды», 19,5 процент казак, 11,5 процент орыс –

«жаксарды», ал 25,9 процент казак, 42,8 процент орыс — «нашарлап кетті» деп жауап берген.

Осы деректерді алға тарта отырЫп, зерттеуші ғалым казактардын «кудайға шүкірілгін» себебін іздейді де, жоғарыдағы жауаптарды казактардын «ұқімет жүргізіп отырған экономикалық іс-кимділарды колдана» деп туsініп, оның негізгі бір себебі «ұқіметті этникалық жағынан «өздерінік» болғандығынан деген корытыншыға келеді. /Айшын айтқанда, қандаған казак «мен кедеймін», «жағдайым жаман» деп жар салады? Олеiн деп жатса да, «алла бергеніне шүкіршілк» дәйтін аналарымыз, сөз жок, «өйтепе аман болсақ болды, бөрі жаксы десден танбайды. Ал, мемлекеттің басында казактар отыр, сондыктан басқа казактар солардын саясатын колдайды деу — ешканды ақылағы сыймайды. Бұл-тек кана Нұрблаттын «Қазакстанда этнократиялық мемлекет құрылышты» деген анықтамасына жасасын дәлел.

3. Зерттеудің көлемді бөлігін үлттық белгісіне карап кемсітушілік немесе артышылық жағдайын салыстыруға арналады.

Бул жерде де казактар автордың тілімен айтқанда «ұлтаралық қақтығысты, таласты сабеүтке, көрмеуге тырысады! / Отең қызы баға: егер екі әйелдің автобуи ішіндегі айқанын «үлттық қақтығыс» деп есептесмесе, оны көрмеуге тырысты деуге болады ма екен. Біздін үлттық дархандығы мен көндігі де кемшилк болғанғағыр — Д.К. / Ұлтаралық негізгі «конфлікттік» тікелей өзлөрі күш болғандардын ішінде: транспорта — 13,2 процент казак, 22,3 процент орыс, дүкенде 5,2 процент казак, 10,7 процент орыс, қызыметте — 3,4 процент казак, 12,3 процент орыс, қогамдық жерлерде 8 процент казак, 17,9 процент орыс, базарда — 6,3 процент казак, 10,4 орыс, каланың қашелерінде — 8,9 процент казак, 20,5 процент орыс бар. Бейшара орыс үлт! Зерттеу жүргізілген калаларда /Алматы, Өскемен, Петропавловск, Орал, Шымкент/ орыс үлттынын 7-8 есе көп екенин ескерсек, сол жердеғі казактардың берін дерлік «тентектере» катарына косуға тұра келеді. Ол — ол басқа үлтөкілдері өзлөрінін үлттық белгілері жағынан өмір сүрудін киындала кеткенін көрсеттілік. Ал, казактардын бұл жердеғі проценті — 4 процент кана.

«Жоғары оку орындарында туsу кезіндегі казак үлттының өкілдерін ерекше жағдай жасалынды ма» деген сұрақка 14,9 процент казак, 58,7 процент орыс «не» деп жауап берілті. «Демек, орыстардың көпшілігі окута туsу кезіндегі казак үлттың женилдік беріледі дегенге сенеді» — дейді зерттеуші. Ал, ауыл казактарына елден ерекше жағдай жасалынды дегенге 36,1 процент орыс, 28,8 процент басқа үлт өкілдері қудайдай сенеді екен.

«Тіл туралы» және «Азаматтық туралы» зандар ұлтаралық катынастарды шиеленістірді деп айып тағатындардын 8 проценті казак та, 34,5 орыс, 26,3 проценті басқа үлт өкілдері. Ал осы катынастарда жақсарту үшін 20 процент респонденттер қадрын үлттық пропорция бойынша тағайиндуа керек десе, 13,5 процент орыс тілді халықтың көшүін токтатуды талап етеді. Айта кету керек, бұл екі талап та адам құқығының негізгі принциптеріне қайын келеді: үлттық белгісіне карап қызымет беру — ешкандай демократиялық елдерде жок, ал орыс тілді халықтың көшүін заңмен токтатсак, ертен-ақ білді Казакстан еркімізден жібермей, үстап отыр деп халықаралық сотқа арыз түсүі ғажап емес. Және ол занды талап болыталауды.

Орыс тіліне мемлекеттік тіл статусын беруді 36,1 процент орыстар қошайды екен. Менінше, сол респонденттердің көпшілігі/ немесе барлығы/екінші мемлекеттік тіл статусы дегенге түсінбейтін сиякты.

Мемлекеттік үлтаралық бағыттаты жүргізіп отырған саясатын 50,6 процент казак, 24,2 процент орыс және 20,5 процент басқа үлт өкілдері барлығын тен дәрежеде устайлын демократиялық саясат деген таныса, 43,2 процент орыс, 37, 2 процент басқа үлттар, тек 4 процент казактар халықты үлттық белгісіне карай болетін апортердіт саясат деген түсінеді.

Мектеп пен жоғары оку орындарында балаларды бөліп оқыту туралы мәселе сешкандай жақеттілгін көре алмадым: 32,5 процент казактар, 92,5 процент орыстар «бөліп оқытуды дұрыс деп ойлады» екен, 24,7 процент казактар, 40,5 процент орыстар бөліп оқыту балалардын дамуын шектейді деп есептейді. Осыны көрсете келе, зерттеуші «казактар болып оқытуын барлық жағымсыз салдардан не түсінбейді, немесе үлтаралық саладағы артышылық жағдайын келешекте де нығайта түсініп бір тесіл ретінде үгінна отырып колдайтын «анық» деген шешімге келеді. Өз тілімізде окудың бізге кимай, тыңық астанан кір ізделген ме, алда қазак тіліндегі окуды орыстар да катараптырылғанын, түсінелі деп ойлады ма екен? Менінше, зерттеу нәтижесінде 20,3 процент орыстар қазак тілін үйренгені көлмейтін біле отырып, бірігіп оку тілінің орыс тілі болуында күмән көлтірмейтін сиякты.

4. «Үлттық белгініз қомығымыз, өмірде бөгет болды ма?» деген сұрақка — жақсы білім алуға бөгет болды /12,3 процент орыс, 2,6 процент казак/; жақсы жұмысқа тұруға бөгет болды /33 процент орыс, 3,4 процент казак/; қызымет бабымен көтерілуге бөгет болды /38,2 процент орыс, 2,3 процент казак/; материалдық байлықка жетуime бөгет болды/ 17,7 процент орыс, 2,5 процент казак / деп жауап

берілген. Осы мәліметтерге сүйене отырып, Н.Масанов «орыстар мен басқа үлт өкілдер Казакстанда өздерін «екінші сортты» адамлар деп санайды деген корытындыларға келді. Бул пікірге мен де косылымы. Эсіреле «өздерін» деген сез орынды айтылған. Зерттеудін ен бойында өздерін қажага көріп, табаға тапталып жүрген үлт есебінде көрсету мақсаты анық көзге туследі.

Өздерін Казакстандықпн деп танитын 9,6 процент орыстар да көп ойға жетелді. Ал Казакстанды «Отан» деп санайтын казактар – 64,1 процент болса, орыстар – 16,7 процент. Олардын 74,5 проценті Казакстанда туын-ескендер/. Сондыктан болуы дерек, 87,4 процент казактар, 31,3 процент орыстар және 25,6 процент басқа үлт өкілдері гана өздерін Казакстанның азаматтарымыз деп санайды. Казакстанның азаматтары катарының косымайтында 27,6 процент орыс, 30,1 процент басқа үлт өкілдері./ Менинше, осы деректен кейін-ак, зерттеу жұмыстарындағы бір үлкен категілік көзіміз жетептін сияқты: Казакстанның азаматы емес жандарға Казакстандағы ұлтаралық катының туралы сұралтар беру, ол жауаптардан корытынды шығару ешкандай акына сыймылады – Д.К./

5. «Қазактар Қазакстандағы барлық басқа үлт өкілдерінін кеткенін қалайды деп ойлайсыз ба?» деген сұралқа қазактардын 79,3 проценті «жоқ» деп жауап беріпти. 1,7 проценті ғана осы ойды қолпайды, ал 14,7 процент бұл сұралқа жауап бере алмаған. Ал орыс респонденттерінін 49 проценті қандай жауап беретінін білмей киналса, 19,4 процент «қазактар бізден күтүлуды ойлап жұр» деген ойды колдаган. 4,9 процент казак респонденттері қазактардын орыс тілін үйренең карсы болса, 20,3 процент орыс респонденттері орыстардын қазак тілін үйренең колдамайды.

Әрине, газет бетін тұрады, түсініктеме беруді көтермейді. Сондыктан зерттеудің негізгі мақсаты мен сол мақсаттың жолындағы едей жиберілген категіліктер мен автордың ырықынан тыс кеткен кемшіліктеге тоқталайык:

Н.Масанов сондың екі-үш жыл бойы «этнократиялық мемлекет» ұмытының айналасында жұмыс істеп келді. Біздін талдаң отырган зерттеу де осы бағыттағы еңбек болып табылады. Пікірімізді нактылай тусу шының сенбектің бір-екі жерінен үзінді көлтіре кетейік! ... Все это наводит на мысль о том, что казахские респонденты либо почти не задумываются о «национальном вопросе», либо умышленно уклоняются от его обсуждения. Если это так, то можно говорить о том, что они, тем самым, создают благоприятную почву для этнократических тенденций в нашем государстве» /11 бет/.

«Совершенно очевидно, что ответы казахских респондентов весьма репрезентативно отражающие общее умонастроение казахского избирателя, в гораздо в большей мере склоняются к концепции суверенного развития Казахстана и этнократической модели развития государства» /12 бет/

Менин ойымша, зерттеу корытындысы өзінің көзделен мақсатына жеткен сияқты. Эр адамның, асіресе, езіммен катаң жүрген саясат зерттеушілерінін жеке көзкарасының сыйлай отырып, біраға мәселеге келікім көлімді. Казак халықының дархан мінезі, аны-мұнау болымызың мәселеге көніл белмейтін көндігі, билік орындарына катынасы, басқа үлт өкілдеріне деген көзкарасы енбектің негізгі жесінен сағ көлетіндегі жағдай жасанды түрде көлтірілген. Зерттеуші өзінің обьектісін /түрлі респонденттер/ қаладағы қазактарды алған... Элеуметтік зерттеудердин нәтижесі калын копшилікке жеткен ол ерекшелік санаңдан шығып, тек «казак» деген мағына калатынын ескере кеткім келеді.

Ен үлкен категілік – ұлттық психология мен менталитет назардан тыс қалған. Эр сөзіді /сұралты/ әр адам өзінше түсінеді. Егер республикадағы 223 ауданын 134-індегі қағаздары тек орыс тілінде жүргізілсе, астанауда теледидар таулиғінде 145-150 сағат орыс тілінде хабар жүргізе /казак тілінде 23-5 сағат/, мерзімді басылым орыс тілінде жарық көртін болса, тілдік, ұлттық белгіге байланысты кемесшілік көріп жүрмін дейтін орыс респонденттерінің жауабы мұлдем түсініксіз.

«Көрекti сұралтарды» беру мақсатында ешкандай дәлелдерді какет етпейтін мәселелерді күn тәртібіне кіргізу – ете ынғайсыз мәселе.

Мысалы мектептегі бөліп немесе біркітіріп оқыту жөніндегi сұралтар. Және «жерлікі/коренной/халық» термины, «Примерно одинаковое число казахов убеждены, что надо отказаться от деления на коренных и некоренных» /18 бет/. Кім беді? Кашан беді? – деп айтай салғын келеді. Неліктен жок нәрсени бар етіп көрсету тәсілін колданған.

Демократияның үлгісі болып саналатын Америкада үндістерді – «коренной» деп барлық, жерде атайды емес пе? Этнографияның карарайым термині кімнің өмір сүруіне бөгет болды екен.

Енді бір ерлін бузбай зерттеушінің корытындысын алдарынызға тартайык: Казахские стереотипы «заражены» мочными вирусом этноконцентризма и государственного национализма, ориентированы на патернализм, сильную президентскую власть, авторитаризм, этнократию и оставляют не так много жизненного пространства для

представителей других этнических общностей в сферах касающихся власти.

«... Что касается русских респондентов... их взгляды более толерантны и направлены, в отличие от казахских стереотипов, не на укрепление своего доминантного положения, а на достижения хотя бы формального равенства в реальной социальной практике, на гражданских правах и вопросах, не касающихся власти» / /20бет/.

Н. Масановтын жұмысы маган көп ой салды. Эсіресе, орыстардың және басқа үлттардың саған деген көзкарасын билшірді.

Енбек біржакты болып шыкканымен «әтпік» деп айып тағып, күмән келтіре алмаймын. Құнделікті құйбен тіршілікте аузыга келген сөз берен есектің белгілі бір олеуметтік тоиттын, үлттын арасында шыныңк болып кабылданатыны да анык. Сол түймедей мәселеңнің гылыми жүйеге түсіп, сұрапқа айналатыны да ақыкат.

Бірақ кисық айнаны алдына әкеleiп койса, шыныңк та басқа көрініс бермей ме?

«Заман — Казақстан» газеті, 1996 жыл

*Демократияны көрмей, білмей жатып «демократия күрсыны» деп бәзектейміз.*

*... Шынында да, ең ауыр харғыс — «өзің білме, білгеннің тілін алма!» — деп қазақ атамыз бекер айтпаса керек.*

IV тарау

## ДЕМОКРАТИЯ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

## ДЕМОКРАТИЯ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Сондықтан уақытта «демократия» деген сөздің жиі естіміз, газет-журналдардан оқымыз. «Демократия үшін курс», «Демократия орнаганын кейін», «Демократияның арқасында» деген тіркестер де пайда бола бастады. Оны, сөз жок, сендер де естіліндер. Бірақ осы сөздің накты мағынасын ер азамат анық белгілі деген айта алмаймын. Себебі біреу-ак — біз бұган шейін өмір сүрген когамда демократия деген атау еste сирек айтылатын және көп жағдайда сөз жүзінде қалатын. Әйткени іс жүзінде біздің Одақта демократия ез мәніндегі болған жок.

Бүтінде күн сайын взеріс. Оған етіміз де обеден үйренди. Әйттес де демократия сезінің айқындастасы ешқашан взермейтін асыл да қымбат түсінік.

Сөздіктерде демократия дегенге «халық билігі» деген аныктама береді. Бұл, әрине, барлық адамдарға түсінкіті жалпы үтім. Дегенмен, халық билігі кандай жолмен жүргізіледі? Калай жүреді? Халық деген көпшілік айтас, басқа пікірдегі азышылық үшін «көпшілік билігі» зорлық болмай ма дегендес, тағы басқа сұрақтар езілінен туындағы бастайды.

Кей жағдайда Бостандық пен Демократия сөзі бірінің орнына бірі колданыла береді. Булар мағыналық жағынан ете жақын, бірақ бірдей емес. Демократия — еркіндіктің негізінде өмір сүреді, ал оның жүзеге асуы үшін накты заңдар жынытыбы керек. Қыскасы, демократия — еркіндіктің заңмен берілетін / кейде шектелтін/ көрінісі.

Еркіндік — адамның ойна келгенін істеу деген үтім емес екенін естен шыгармайык. Егер сенін іс-кимнің баскаларага бөгет болатын болса / баскаларадың құқын бузатын болса/, онда ол еркіндіктен горі басбұзарлық пен тентектика көп саяды.

Қоғамда, адамдар арасында өмір сүргенмен сон, оларды да ойлау, сыйлау — катар өмір сүрудін бір шарты.

Енді бастапқы ойнызыңғайта оралайык. Халық езін-еzi қалай баскарады? Әрине, заң шыгару органды мен үкіметке өз өкілдерін сыйлау арқылы. Көпшілік колдаган жандар билікке келген сон, өздерін сыйлаамаган, женіліп калғандарға тыңрактарын батырмай ма? Жок. Бұл жерде демократияның негізі бір белгісі — азаматтық құқ-корған бола алады. Барлық азаматтарды сол мемлекеттің заңы бірдей қорғайды. Сондықтан сыйлаудан соң жазалау болуы мүмкін емес.

Демократиялық қоғамның тағы бір үлкен ерекшелігі үкімет билігін, мемлекетті басқаруға сол елдің азаматтары тікелей араласа алады. Олар белгілі бір мактаттарға /саяси, экологиялық,

көсіптік, т.б./ қоғамдық бірлестіктер күрады да, мемлекеттің ішкі, сыртқы саясатына ықпал етеді. Ойларын айтады, оны дәлелдей, заңға айналдыруға күш салады. Демократиялық қоғамда «өкімет айтты — бітті деген үтім жок, жаңаға қоғамдық үйімдәр өмір сүру үшін, жұмыс істеу үшін үкіметке жаһынбайды да, жалтактамайды да. Өмірге жақынын, әділін, халыққа тімдісін алға ұсынады. Осылайда ашық пікірталас «плюрализм» деп аталады / пікір жарысы/.

Бұрынғы Кенес үкіметі кезінде жогарыдағы үйымдар жұмыс істеу үшін үкіметтен рұқсат алатын, бакылауында болатын, қыскасы, мемлекетке төүелді еді. Ал демократиялық қоғамда үкіметтің іс-кимнің заңмен шектеледі, мемлекеттің сол заңды бұздауды катан бакылауга алышынан.

Енді демократияның негізгі белгілерін атап етейік:

1. Халық билігі.
2. Азаматтардың келісімімен /дауыс беру/ ғана мемлекет басының келген үкімет
3. Көпшіліктің кагидасы
4. Азышылықтың құқығы.
5. Адамның негізгі құқтарының сакталуына кепіллік.
6. Еркін жөнде алайды сыйлау процесі.
7. Заң алдында барлық жаңынан бірдей болуы.
8. Сот ісінің әділлігі.
9. Үкімет билігін заң жолымен шектеу.
10. Әлеуметтік, экономикалық, саяси плюрализм /пікір жарысы/
11. Шыдамдылық, келісімге келу, бірге жұмыс істеу.

«Улан» газеті, 1992 жыл

## АЛҒАШҚЫ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТ

Демократияның пайда болған жері — Афина каласы. Өзі кала және мемлекет болып саналатын Афинада біздің заманымызға дейінгі V ғасырда демократиялық жүйенің негізін салуны Перикл өмір сүрді. Оңдағы барлық меселені 5-6 мың /каланың ер адамдарының бері/ адам жиналатын жалпы жиналас шешетін. Кінелінің де 501 адамдық сот дауыс беру арқылы аныктайтын.

Ен қызығы, жиналыстың басшылары сыйланбағыны, жеребе азамат мемлекетті басқара алады деп санайтын.

Әрине, заң орны жок Афинада кім тамаша шешен, сөзшен

болса, халыктың сендерге білсе, соның айтқаны өділ болып шыға келетін.

## АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӨНЕ МІНДЕТ

Демократияның алтын занын жаттап алайык — мемлекет халыкка қызмет көрсету үшін ғана әмб суреци: халык мемлекеттеге қызмет көрсету үшін тіршілік етпейді. Қысқаша айтканда, халык мемлекеттің кол астындағы құлдардың емес, езінің еркін толық өз жеріндегі азаматтары. Бул тұста екі жақ бір-бірмен тен, яғни мемлекет өз азаматтарының құқығын сактайды, соган орай, азаматтар да мемлекеттің қагидаларын үстайды.

Ал бір адам /мейлі ол — хан, патша немесе президент деп атасын/ не жалғыз партия шекісінде ойна, азаматтар оған бағынышты болып, солардың қолындағы мемлекеттеге қызмете етеді. Үкімет сол уақытта өзінің азаматтары алдында ешкандай есеп бермейді.

Демократияның когамда сайлау кезіндегі мемлекетті халыктың атынан кім басқаратының азаматтардың өздері шешеді. Қазастанды осы уақытта дейін бері көрсінше болды. Билік жүргізуши партияның айткан адамын заңдандыру үшін, жалған сайлау жүргізілпей келді. Сондай жолмен депутат болғандар да бар. Бул нак спектакль сиякты дауыс берудін көрінісі, өншіней көзбояышыл.

Азаматтардың тагы бір құқығы — үкіметтегін өздерінше жеке үйим ашып, когамдық жұмысты алға апаруға еркін араласуы. Әрине, мұндай хауалты жұмысқа кірісүү үшін көп білім, байсалдылық, мәдениеттілік қажет. Тек «мәнсік дұрыс» деген макспатен когам жұмысқына араласуға болмайды.

Түрлі однадар, үйымдар біздін бұрынғы мемлекеттік жүйемізде де болып. Бірақ олар үкімет пен партияның идеологиясын тарату үшін жасалған жасанды үйымдар еді. Олардың ешкайсыны келелі, өзекті мәселе жөніндегі таластанға катыса алмайтын. Жоғары жақтың айтканы өділесціз болса да, оны халыкка көрсетіп, дөлелдеуға батылдықтары жетпейтін. Мөселен, демократияның елдердің көпшілігіндегі ескери қызметтің жүйесі де біздікіне карагандағы өзгеше. Бұрынғы міндеттіліктің көпшіліктің шешімімен еріктілікке ауыстырындары да бар. Еркіті, жалакы алып қызмет жасайтын армия Америка Құрама Штатында бар, ал Германия жақындаған ескери қызметтің мерзімін қысқартты, т.б.

Сез жок, адам құқығының сакталуы кез келген үкіметтің

білігін шектелді. Демек, билік устаушы топтар ойларына келгенін жасай алмайды деген сөз. Бірак, екінші жағынан: құқық жеке әмб сүре де алмайды . Оны адамдар мойындаған уақытта ғана тіршілік еттінің үміттік кеттіпейді. Былайғы жүртпейін еркіндігі мен құқығына болет жасасам шішін азаматтар өздерін белгілі бір міндеттер алады. Бір сөзбен айтканда, бұл міндеттер демократияның қызмет етінгі камтамасын етеді. Егер азаматтар белсенділі түрде, өз еріктірімен елдін когамдық ісіне араласмыз десе, өздері шығарған заңды да мойындауы тиіс. Осылай жағдайда ғана сол когам барлық қыншылықтардан бірауызылдықпен киналмай ете алады.

Қогамдық іске белсene араласу дегеніміз — тек қана саяси билік шішін жүргізілтін тартыс деп калмандар. Демократиялық елдерде азаматтар жергілікті басқару ісіне /біздегі ауылдық, аудандық Кенес сиякты/ араласады, мектеп комитеттеріне кірді, жергілікті візін-өзі басқару топтарына мүшеб болады. Үлкен мәселелер жөніндегі саяси партиялар мен көсподактарға мүшеб болып, сол аркылы пікірталасқа катысып, елді келелі іске бастағын шынын мұмкіндіктерді жүзеге асыруға атсалысады.

Адам құқығының негіздері:

- Сөз бостандығы, өзінің ойын айтып-жеткізу бостандығы мен баспаса з бостандығы.
- Дінге сену бостандығы.
- Турлі қогамдарға бірге бостандығы мен жиналыс өткізу бостандығы.

— Зан алдында барлық азаматтардың бірдейлігі.

— Сот ісінін алділ жүргізуі мен заңдылықтың бакылануы.

Адам құқығының негіздерін көртіудың жолдары өте кен. Оны дүниен жүзіндегі көптеген елдер өздерінін Конституцияларына / Негізгі заң/ кіргітеп.

Қазақстан Республикасы да «Адам құқығының» негіздерін мойында, мемлекеттік түрғыдан қабылдады. Демек, үкімет осы ұхықтардың бұзылмауын, басқа заңдар негізінде күшін жойып кептеуін катаң бакылайды.

### ҚҰҚЫҚ /Право/

Ен бірінші ақиқат — барлық адамдар бірдей жаралған, сондыктан ұлтына, нәсіліне, түріне, дініне, қызметтіне, тагы басқа ерекшелігіне карат, зан жүзінде бірін жоғары, бірін томен жоюға болмайды. Зан жүзінде жұмысшы мен басшы, қойын мен совхоз директоры. Президент пен кайырышы тен құқықка ие.

Ал үкімет осы құқықты корғап отырган үйим ғана. Адамның әмб сүре құқығын, жеке басының еркіндігін ешкім бұза алмайды.

Үкімет азаматтарға еркіндік құқығын бермейді, адамдарға тиисті еркіндік құқығын сактап кана отырады.

Бұл құқыктардың ең негізгілері мыналар: 1. Сөз бостандығы /өзінің пікірін ешкімнен қорықпай, сескендей білдіру/; 2. Дінге сену бостандығы /діннің қагидаларын ұстану/; 3. Жиналыш бостандығы /белгілі бір максатта азаматтар өзара жиналыш, үйымдастып жұмыс істейу/; 4. Зан алдындағы тәндік бостандығы /барлық азамат заң үшін бірдей/. Бұл құқыктардың беір үкіметтен бөлек әмір сүреді, соңынан оны заң шыгару арқылы жоғалмайды. Оны көпшілік дауыс берген жағдайда да тоқтату мүмкін емес. Ал Американың Конституциясы жоғарыдағы құқыктарға карсы заң шыгаруға тыымы да салып қойған. Қыскасы. азаматтардың еркін әмір сүруү үшін үкіметтің колы байлауды, билігі шектеулі. Бұл жолдарды терен түсініп, ой жіберіп оқындар, балалар!

#### Сөз бостандығы.

Жариялыштық болмаса, әділдіктің кай жерде екенін білу мүмкін болмас еді. Сол себепті де сөз бостандығын - демократияның негізі күші деп белді. Адамдар өздерін өздері басқару үшін ойларын ашық айтту қажет. Өтірік пен шындық та ашық пікір таласы үстінде көрінеді.

Үкіметтің не басшының жасаган зансыздығы туралы айтылмаса, оны есімкі білмесе, халыққа жетпесе, ондай когамда әділестіздік етек аларында күмен жок. Түрлі пікір болып, оларды салыстыра отырып, шындыкка, істін ақиқатына жетуге жол ашылады. Жақсы мем жаманды айрыу үшін де өзара салыстырудың гой. Әділестіз когамдағы акпарат хабарлары, баспасөз, теледидар үкіметтің кол астында, айдаумында болады. Ондай жағдайда тек бір гана бағытта пікір айттылып, адамларды үтітесу құралына айналады. Мемлекет басшыларының сын айткан, олардың көзінде көрсеткен жандардың жағандарын шыгармайды, айтқандарын жеткібейді. Керек десен, оларға түрлі айып тағызылып, қудалауға, жазалауға дейін барады. Әділестіз когам сөз бостандығын шектейтін түрлі заңдар кабылдайды. Олар «едін басшының ар-намының тиетін сөз айтуда болмайды» деген сияқты демократия карсы каяуды да шыгарады.

Сөз бостандығы дегеніміз – азаматтардың ешқандай дәлелсіз бірін-бірі сыйна беру емес. Дәлелді, нақты пікір айтту үшін соны айттын жандардың да ақынды, мәдениетті болуы шарт. Саясаттан, экономикадан хабары болуы тиіс. Демек, сол едін азаматтарының білім деңгейі де жоғары болаттын сезізді.

Егер баспасөз орындары немесе саяси үйымдар сөз бостандығын желеу стіл, қоңылдайтын дұрыс деп тапқан, колданған пікірлеріне

карсы ойлар жарияласа, үкімет орындары не істөу керек деген заңды сұрап тауды. Мүмкін, бұл ақылга қонбайтын сияқты болып көрінер, бірақ жауап біреу-ак: ештең істемеуі керек. Оның төрелгін айтту, бұл дұрыс, ал мынау кате деп көрсету – үкіметтің жұмысы емес!

Сөз бостандығының кепілі және сонын көрінісі – адамдардың бейбіт жолмен жиналып, өкіметке өздерінін пікірін білдіру, талап стіу айтып байлауды. Соңынан сөз бостандығы мен жиналыш, жынын жасау құқығы орқашан катаң жүрелі. Эрине, демократиялық когамда үкімет белгілі бір заңдарға сүйене отырып, саяси живинин уақыты мен өткізілеттін орын хабарлауға міндетті. Жынын кезінде тәртіп пен тыныштық сакталуды талап етеді. Бірақ оны басып тастауға немесе біреулерге жақтайдын пікірді тындаудаға еш құқығы жок.

«Ұлан» газеті, 1992 жыл

## ЗАҢ НОРМАЛАРЫ /ТЕҢДІК ЖӘНЕ ЗАН/

Барлық әділетті, демократияшыл когам үшін заң алдындағы барлық азаматтардың тен болуы – құқыктың негізі болып саналады. Оның бай не кедей екеніне, қызметті мен лауазымына, діні мен қандай партияға мүшелігіне қарамайды. Керек десен, үкіметтің саяси карсыласы ма, әле жақтасы ма – заң үшін барлығы бірдей құбылғы ие.

Заннан ешкім біні емес, себебі ол заңды жасаушы – халық, оның өкілдері. Демократиялық елдерде азаматтардың бөрі заңды мойындан, соның шенберін шықпай, жұмыс істейді. Ал біздің когамда бұған шейін заңды дайындан, бекіту белгілі бір тоptын немесе партияның колында болып келді. Әділестіз заңды демократиялық құрес жолымен тоқтату, озгерту – саяси партияларға біріккен когамдық қуштердің міндетті. Заннан өзгеріп, демократияланып отыруға да табиғи құбылымыс.

## ЗАҢ КЕПІЛДІКТЕРІ

Колында билігі бар жандардың /немесе партияның/ біртегі біртеге ешкімнің айтқанына қоңбай, шексіз әмшілдік жүргізуі мүмкін. Бұл – тарихта жи қезделсестін жағдай. Мемлекет пен заннан атын жамылып, азаматтарды түрмеге жауып, айдауға

жіберіп, атып - асып жүргеніне біздің тарап кеткен Кенес үкіметі де мысал бола алды. Сонын көпшілігіне ешкандаі айып тағылып, занды сот болған да жок. Ешкандаі демократия бүндай шекісін зорлықта төзбейді.

Әр елде тәртіп пен қылмысқа карсы тұратын билік болуы шарт. Бірақ сол білікті реттеуші, накты да жариялауда жүргізгендің заң болуы кажет. Түрлі сұлтаумен билік иелері ойларына келгенін жасамауының бір кепілі де осында.

Демократиялық басқару түрінде осынан сай заң кепілдіктері берілген.

— Прокурордың рұқсат қағазы болмаса /ордер/, ешкандаі милиция /полиция/ біреудін үйіне кіріп, тінту жасауга құқызы жок.

— Жазба түрде анық қылмысын көрсеткен күжатсыз ешкандаі азамат тұтқындалмайды. Адамдар оздерін не үшін тұтынға алғандарын алдын ала накты білуі тиіс.

— Айыпты деп санағандар көп уақыт сottы күтіп түрмеде отырмая шарт. Олардың тез арада және ашық, жария сот талап етуіне, өзі айыптаушылармен кездесіп, сұрап қоюына құқызы бар.

— Егер айып тағылған жанның кашып кетуі мүмкін деп табылмаса, сottка дейін кепілдік алып, бостандықта жүргені дұрыс.

— Адам өзіне қарсы қоюлға бере алмайды. Себебі азаптауга шыдай алмай, өзін караалауы, істемеген қылмысты мойнына алуы мүмкін, т.б.

Сот үкіметтің саяси билігінен төүелсіз болады. Оларға жогарыдан нұскава берілуі мүмкін емес. Себебі сottын бағынатыны — заңғана.

## КОНСТИТУЦИЯ

Демократияның іргетасы — Конституция. Бұл — мемлекеттің барлық институттарының, жүйесінің міндеттері мен жұмыс тәртібі берілген, азаматтардың еркіндік кепілденген Негізгі заңдар.

Айыпкерлер орындында отыргандар өз бағаларын әлі де берептін болар, өз басым сот ісінің жүргізуінен белден басатын зорлықты көп көре көрдін жүргізмін жок. Айыпкерлер мен аткаруышлардың, күәлардың аузын басып, істі асығыс, тезірек бітіру сияқты пасық тәсілдер де колданылмады. Әр оқига, әр мезет жан-жакты зерттеп, езінің бағасын алды. Бұның себебін де мен кейінірек білдім. Истің сонашылтық дайындықтан етіп, төптіштеп жасалғаны сонашылтық дерекі, заманыз тәсілмен оны бузудың ешкандай қажеті жок еді. Сондыктan болар /субъективті заманызықтарға кейінірек тоқталағын/ соң үзакқа созылып, езінің занды нүктелін койды. Истің аяғы неге ажелеттін адвокаттардың кимміларынан аның көрінеді десем, артық айтқандың болмайды. Жок, мен оларды жамандаудан аулакпрын, дегенмен, үкіметтің идеясы мен саясатына қарсы шыққандардың кандай тесілмен, калай коргауға болатынның соң уақытта білу мүмкін емес. Олардың да каттық кыспакты болғаны түсінікті жағдай. Сондыктan болар, адвокаттардың дөлелдері мен коргау тәсілдері тым салғырт түрде жүргізілді, олардың актаудан гері жазаны жейілдестүгө бағытталды. Еңбектерінің еш кеткендігін биле отырып, жұмыс істеу кімге де болса оңай емес, ал істің немен тынарын қаралпайды аудармашы білген заманда актаушыларға улкен талап жоу артық сияқты.

Соттың екі қомекшісінің бірі – орыс әйелі де, екіншісі –

казақ жілгіті еді. /Тағы жасанды интернационал – еврей, орыс, казақ/.

Сот мәжілісі ашық жүргізілді. Бірақ көпшілік құлактанбагандықтан айыпкерлердің жақындары мен МХК-ның қызыметкерлерінен басқа ешкім болған жок. Ал соңғы күні, сақытқа корлық жок дегендегей, алдыңғы катардың бөріне милиция наряды отырды.

## АЙЫПКЕРЛЕР ОРЫНДЫҒЫНДАФЫ АЗАМАТТАР ТУРАЛЫ

Казір, Желтоксан оқиғасына жана бага берілген уақытта, әділестілік курбандарды туралы жақсы сезідер гана айтылуда /ал осы істін орындаушыларды туралы, нағыз кінелілер мен айыптылар жөнінде.../. Біреулер оларға «Қазақстан батыры» атагы беруді талап етеді, енді біреулер алғанға ескерткіш орнатуда армандаиды. Өз басым, Кайраттан халық батырын жасауға келіскім келмейді. Оны жазалауға катысқандардың сол мерекеде сез сөйлем, өлең окуына картсымын. Әр кезеңде адамзат баласы курбандықтан – халық табынтынын қудаға жасап, әздерін-әздері ақтауға жаңдарын салған. Мүмкін, күнәндән арылудың белгісі шыгар, бірақ Кайраттың атын қайталаудан аузы босамайтын көпшілік итарышлардың атын талап етуді ұмытып кете мепе дөркеманы. Кайраттың арауығы тек бір жағдайда гана риза болатын сияқты. Ол – біздің елде осы бір каралы кезеңнің ешқашан кайтып келмеуі. Сондыктan да жазықсыз курбандықты батырлықпен алмастыруға болмайды. Олардың бәрі – сол күндері алғанға шықкан мындаған жастан екілі. Оның орнында сендер де, мен де болуым мүмкін еді. Демек, батыр атағын он мынға жуық адамға бергенде гана әділдік орнайды. Соқыр тағдырың ажады саусақы. Кайраттың көрсеткен екен, тағдырың жазуы солай болғанды.

Еңді сотка келейік. Шынын айтуым керек, жілгітердің барлығы өздерін үстай білді. Мемлекеттік идеология қылсағы мен түрлі психологиялық арбасуға жылымдан жаңа аскан жілгітердің картсы тұра білгени, олардан каймықпауы – сол заманының тұргысынан үлкен ерлік еді.

Өсірепе маган Жамбыл Тайжумаев үнады. Тергеу барысында колдан жасалған айыптың осал, алғыс жерлерін ойып алғып, деп

басып көрсөтіп, күелардын алдын-ала дайындалған келген жауаптарын түрлі сұраптармен жокқа шыгарып, кейде етіріктерін көрсөтіп, устап отырды.

Кайрат Рысқұлбековтың жастығын пайдаланып, тергеу кезінде алдап-арбал, істемеген қызының мойындағын алған болатын. Бірақ сот мәжілісі барсының колдан жасалған дәлелдер көрнеу кезге ыдырай бастады. Әсіресе, бұл «мойындаға кезеңдің бейнетаспага жазып аллып, көрсөткен» уақыттан анық байкалды. Түтегіл Төшөнов тे аланда болғанынан басқа ештеге мойындаам /суретке карсы кандай дәлел айтасын?/ түрлі алды. Ешкандай саясаттан хабар жок, орысшанда жәндеп сөйлей алмайтын қарақалпақтың жігіттің өрмекшінің торында шырмауга түскенін кору аянышты-ак еді.

К.Күзенбаев бірнеше күе шакыртып, тергеушілер жасаган жааларды жокқа шыгарып болып шарқ үрді. Өкінішке орай, күелардың бары дерлік алдын-ала ескертпес алған, кандай жауаптың қажет скенін тамаша жандар білдін болып шыкты...

## КҮӨЛАР ТУРАЛЫ

Шынымды айтсам, күөларды айыптауга да, актауга да колым көтеріл берес. Бәрін заманға аудара салып, қарал отырганга не жетсін. Бірақ азamatтық төрбие мен алдаңдықтың кайда жоғалттык? Жігіттердің шакырган көптеген күөлардың жалға мәлімет беруінің себебі тым қарапайым болатын. Айыпкерлер Савицкий елтірілген уақытта мұнда басқа жерде жүргенін дәлелдеу мақсатында бірге жүрген жолдастарын шакырады. Бірақ сот мәжілісі жүргізіләр алдында болашақ күе заң орындарына шакырылып, олардан аланда Желтоқсан оқигасы кезінде болған, болмагандары сұралады. Эрине, сұраптың алдында аландағы қыргынға араласқандардың 60, 65-інші баптармен канша жылға сотталатының айқын айтылады... Осылдан соң, мойындауымыз керек, борі де сол күні аланда болмагандар туралы мәлімет беріп, оның дәлелдерін көрсете бастайды. Сотка оның дәлелдерін емес, «Мен Кайратты /не басқаларын/ көргөн жоқпын, себебі, сол күні епкемнің үйінде болдым» деген бір-ак аузы сөзі керек. Қысқасы, жігіттердің күе ретінде шакырган достарының бәрі дерлік олардың беттіне тіккеп қарал алмай, төмөн қарап, бір-екі сез айтты да, тайып түрді. Әлі есімде, Кайраттың дәрменсіздік пен ыза белгісі катарап көрінген жанарынан тезірек құтылғысы

келгендей, асыға шығып бара жаткан жастардың үкісіндары...

Тергеудің қысымына карсы түрган жалғыз жан — құрылым-монтаж басқармасының жұмысшысы Мұхамедқалиев болды. Ол Т.Ташеновкеле байланысты жалған мәлімет беруден бас тартып кана қойған жок, өзіне және әйеліне тергеушілер тараپынан жасалған қысым жонінде республика Қауіпсіздік комитетіне жазып тапсырады. Сол мәжіліс үстінен МХК-дан жаіберілген жауп оқылады. Эрине, қысым жасаушы /милиция майоры/ ондай жағдайын болмагандын айтып, жалт береді де, сottын торагасы ері қарай қазбалан жатуды қажетіз деп табады. Осы бір кішкене оқига күөлардың кандай жағдайда болғанына дөл бола алады.

Жігіттерге карсы күеүлік бергендерден есімде жақсы калған радиотографы орналаскан гимараттың астынды қабыттыңда жұмыс істейтін әйелдер мен Савицкиймен бірге жасақши болып, оның өлгөнін көзінен көрген Қазақ телерадио комитеттің операторы Г. Бір қызығы /жасақсы/ Савицкий аланда жиналған жастарды күп таратындар дегендег бўйрықлен казірі Желтоқсан қошесіндегі радио комитетті орналаскан жерге дейін келіп, ажылан белгісіз адамдардың қолынан тапқан. Дөл жасақши каза болатын жердегі терезеден осы бір канды оқиганы анық көрген /өздерінің айтуышында Д.К./ бес әйеллін ушеуі айыпкерлерді айнашыттаныда, калған екесі «турларін есте сактау мүмкін емес» деп, бастарын ала кашты.

Мен зангер де, тергеуші де емеспін, бірақ сот барсының бірнеше негізгі мәселелерге көніл аударылмады деп ашып айта аламы /макаланы жазуымын да негізгі себебі сол жағдайларда/.

1. Алғашқыда жасақшының үрга катыстын деп айтуда мәжбур болған К.Рысқұлбеков оны кай жерде соққыға жыкканын көрсете алмады. Бейне тастага жазу барсының Желтоқсан қошесін бойлай келе жатып... кадр үзіліп қалады да, Қайраттың оқига болған жерді көрсетіп тұрғанын бір-ак секіреді. Сот барсының айыпкер: «Мен оны үрга катысаным жок. Сондыктан мұнда басқа жерді көрсөткен екеним. Содан кейін прокуратура қызметкере жетелеп алмын жүрді де, «Міне, осы жерді көрсетеңін» деді. «Амал жок, көрсөттім» деді. Монтаж арқызы килюластырылған бадырайып көрініп түрган бүндай дәлелдемені сottың қабылдауы шешімнің сотка дейін шыкканының тағы бір дәлелі.

2. Жасақшының соққыға жығып жатырганын көздерімен көрғен күөлар қыргын шайқастын шінделе айыпкерлерді естерінен сактап кана қоймай, олардың кандай бас күмі, кандай күрткасы, оның шінделе // кандай күмі бар екенин суретке қарастандай етіп айттып берді. Терезенің тротуармен бір деңгейде екенин есімізге алас,

олардың бір де бірі айыпкерлердің аяқ күімі мен шалбарларының түсін дәл бас күймдей айтып бермені көз келген соттың көңіліне құдік үзілестіру керек елі. Ал шындығына келгендеге, айыпкерлерді суреттері арқылы гана таныттыңдары күвілардың өз сөздерінен-ак дөлелден отыр // суретте кеудеден жағары гана көрсетілген/. Қысқасы, «есте сактау кабілеті мен көрү кабілеті жете дамыған» етіле тартқан ейелдерге алдын-ала айыпкерлердің суреттері көрсетіліп, дайындалған. Ол ол ма, керек десеңіз. Біреуі Т. Тәшенинің мұрты бар болатын дег сокты да, тым асын барада жатқанын біліп, сезін кайтып алды. Ал шындаш келгендеге, тортпі сактау органдары түсіріп алған Түгелбайдың суреттіне басын төмөн салып түргандыктан, мұрнының астыншага көленке мұртқа кетті үкіттін. Сот бул «адасуға» да көндір, болмады.

3. Окига болған жердін, радио үйінін қарама-карыс бетіндегі каланың көгадандырудың мекемесінде істейтін жас көліншек те күй болып, жігіттердің түр-түсін бұлжытпай айтып берді. Егер оның түрган белгесінін терезесінен окига болған жердің арасы 60-70 метр екенін жөнде торт катар // ағаш болатынын есімізге алсак. бірі кашып, бірі күып, саптырылысын жатқан адамдардын. арасынан торт адамның көйлегінің түсіне дейін анық коруін тым шектен шықкан «көртегендік» деп бағалауымыз көрек елі.

4. Соттың күлағына ілмеген татға бір дерек — автобус жүргізуішінен жауабынан шыкты. Оқырмандарға түсінікті болу үшін бул жерде автобустың қандай катысы барын айтып етейін. Сағат 11-ден кеткенде радио үйінін касындағы алладамаға автобус келип токтады. /15-інші немесе 18-інші маршрут болуы көрек/ Аланға еті алмаған жастар автобуска жүгіріп, оны шайқалта бастаиды. Осы уақытта темір таякпен каруалған жасакшылар бүйрүкка сай кимылдан, жастарды күып, тықсыра бастайды. Желтоқсан көшесінен төмөн шілтін жастарды күле жатқан жасакшының бірі Савицкий осы мезілде каза болады. Барлық моселе айыпкерлер 11.30-да Желтоқсан мен Абай қошалерінің киылсында болды ма, жок па деген суреккә тірелген уақытта автобус жүргізуіші М. Горький атындағы паркtest сағат 12.00 — де шыкканын айттып, оның дәлелі ретіндегі автобустын кай уақытта маршрутты /козгалыста/ бастанған белгілеп тұратын реттеуешіні шақыруды етінді. Соншама уақыт дайындалған сценарийдің талқаны шығатынын жақсы түсінген сот төрағасы жүргізуішінің үнін шіркеу тырысты. Менинше . бул окига елі де зерттелуді талап ететін, еті күмәнді меселе.

Бұл атаплан жайттардан басқа да көптеген заңсыздықтардың болғаны сот мәжілісінде көзде түсті. Айыпкерлер мен куәларды бет-

тестіру кезіндегі заңсыздықтар үнтаспада елі жазулы тұрган болар. Не айыпкерлерді мойындастыра алмаган, не жүртшылықты сендіре алмаган сот мәжілісі 21 күнге созылып, соңғы сөзге де кезек келді. Қайрат езінің өлеңін оқыды. Екі өлеңнің біріншісі түрмелде туатын аразан үйқастан жасалған жолдар да /«Ей, прокурор...» деп басталатыны есімде/, екіншісі — ата-анасымен коштасуы, Қайрат екінші өлеңнін оқи бастағанда, Е.Л.Грабарник маган бұрылып: «Аударыңыз» деді, «Бұл — өлең сөз, әкешешесім, тугандарымен коштасуы, өлеңді накты аудару мүмкін емес» деп жауап берді. Сәлден кейін, күзеттің офицер арқылы еләнді сурап алдым да, көшіріп, інсінен берді.

Мен бүйрүк берушілерден емес, орындаушылардан коркымын. Сот аяқталған сөтте залдың ішіне алдын ала кіргізген милиция барлық адамдарды күпші шыға бастанды. Айыпкерлердің ата-аналарының жылаган даусы сай-сүйгінен жетеді. Амал жок, айыпкерлерді алып кеткенше сот залында адвокаттар мен когамдық айтышылар //жөнде мен/ калды. Сот пен прокурор екіншінен есіктен шығып кетті.

Мен орындаушылардан коркымын. Әділестіс сот, жалған кінә, жазықсыз құрбан болу — соларға сүйеніп кана өмір сүреді. Орындаушылар — жауапсыздықтың негізі. Сол тергеушілер /сотталған 99 жаннан жүзделген тергеушісі бар/, сол прокурорлар онин үстінен қарайтын Жоғарғы Сот мүшелері елі де сол қызыметтерінде отыр...

Мен қазак заседательдің касына келіп: «Аға, үкімге неге кол койдайныз? — деп сүрадым. Еткенді, кара жігіт төмөн қарап: «Коймаймын» деп отырып алып едім, болмады. Екі сағат бойы карсыластым. Коюға тұра келді, — деп актады. «Сіз коймасаныз да үкім заңды болып, күшіне енеді, — дедім. — Ал сіздің көльінен кана былғанбайтын еді». Батыр тұлғалы азаматта үн жок.

Қайраттың соңын айткан соң «Аға, мен кінолі емесін!» болды. Оны бүтін біз де білеміз. Демек...оны кінолі етіп көрсетушілердің кінәсі гой. Ал екі жак та кінәсіз болса, мен әңгіме етіп отырган Сот ертең тарғы да қайталаңды.

«Халық кеңесі» газеті, 1992 жыл

## АРЫЛУ

Мінс, Желтоксан оқигасына да 9 жыл толды. Тагы да аланға барып.. көнілім бұзылып кайтты. Бар бітіргенім, қыздарым — Гаунар мен Айнага бүтін аланға не үшін үлгеленімізді, 1986 жылдың желтоксан айында не болғанын жол бойы түсіндірдім. Олар түтіл, сол қырығының қуәсі болған мениң жолдастарым да ертесіне: «Қандай жынғын бардым дейсін?... Солай екен гой... Күбінен тіршілікпен умыттып кетіппіз», — деп коя салды.

Жиын ба? Ие, миллионнан астам халқының 300-ге жуығы жиналған шагын толты айтамын. Умыт болған емей немене? Тагы да мінбенің қасында ишкі трестеріп тұрган каланың әкімшілігі, арнаны жинаған, сөйлеуге белгіліген шешендер. Қолдарын арттарына үстаган, қаралы жағдайға сай кабактарын сөл түйген мәндең жандар.

Мінбеден тоғемті жерде, жиналған халықтың сыртында Қайрат Рысқұлбековпен бірге сотталған, жаңкешті аштықтың арқасында 15 жыл камаудан зорға күтілған екі жігітті және сол шаштықты үйімдестаруышылардың бірі Аманжол Нәлібаевты / «Желтоксан» үйімін алғашкы жетекшілерінің бірі/ кездестірдім. Жетім бала сияқты шетте тұрган тагы бірнеше азаматтарды көргенде, осы жиынның магынасын түсінбей, кattы ынғайсызданылды.

Шынында да берінің үмыт болғаны ма?

Әрине, кар үстінеге тамған қарындастарымыздың қандарын Алматының толассыз жауатын жаңбыры өлдекашан жуып жіберді, алайда жүргектегі суретті калай кетіресін. Әлде соны сактайды жүрек... бізде жок да екен?

Содан бір күн бұрын, Хельсинки-Алматы адам құқығын корғау комитетінің басшысы Нинель Фокинага жолықтанмын. Сол үйден Хасен Қожахметке телефон согып, жиынның болатынын білдік. •Міндетті түрде барамын, — деді алпыстағы әйел сыркеттігінін карамай, — бармауга болмайды!•

•Таудан алыстаған сайын оның биіктігі де, ұлымығы да айқындала түседі, — деген еді мениң бір ағайым Желтоксан оқигасы туралы. «Бұл оқига да жыл откен сайын қыр-сыры ашаылып, шындығы шыға бастайды».

«Сол қылымсты өз қолдарымен жасаган жандар тірі жүргендеге, шындық ашыла қояр ма екен? — дед ішіндегі бір шайтан сыйбы ете қалғаны. Сол шайтан — Әулие екен!

Ен сораксы, бір де бір адам мениң сол уақытта істеген ісім кate болған екен деп, халық алдында күнсінен арылуға ниет қылған жок.

Көрініште, біреулері бөріміздің кезімізді бадырайтып койып, «Аланға шықкан жастарды мен бастап жүріп едім» — десе, екінші біреү: «Газетегі ашық хатка мен козі коган жокопын», — деп редакторды етірікші етіп шыға келді.

Осы іске кінәлі жандарды айып орындығына отырғызуы талап етіп отырған жокпен. Олар жазықсыз жандардын басын жарғандардын шіші кінәсін мойындаса, біз сол зобаланды үмітканымыздан арылайык. Егер түсіне алмасақ, арыла алмасақ, ертең осы қылымы тагы да кайталаңды. Себебі — сол болздартарды топ-тобымен соттаған, жазалаған жандар сол орындарда өлді де отыр. Кейбіреулер кызмет саласында есіп те кетті. Олар мениң баламының есүін, көзқарасы қалыптастып, азамат болуын және... алдан шығын күтіп отыр.

Тарих әрқашан қандаланып отырады деген канатты сөз бар. Адамдар өзгермесе, заман калай өзгермеск?

Мениң түсінбейтін, миыма конбайтын бір-ак месселе бар: тогыз адам каза болып, жүзделген адам сотталып, мындаған адам жаракат алғанда, осы сұмдықтың кінәлісі табылады дегенде кім сенеді? Екіншін, бірін мойындалық: егер Желтоксан оқигасы нашакорлар мен бұзқылардың көтеріліс болса/, солдат пен милиция тізіліп тұрган аланға баратын бұзқылардың міндеттері м?/, оларды түрmeden босатып, актап қажеті не? Егер олар ақ болса, оларды соккыра жыққан, итке талатқан, олім жазасына кескен жандардың кінәлі болғаны гой... Жазықсыз халыққа қарсы істелген қылымсты орындаушыларының да кінәлі болып табылатынын есімізден шығармалық. Бұл — халықаралық заныңын бұлжымас бантармын бірі.

Желтоксан оқигасы — көшеде кетіп бара жаткан адамды қуып жетіп, сойылмен соккыра жығып, содан соң гана бетінін қарал, «Кешир, жерлес, басқа біреумен шатастырып алышып» деген жағдайды еске түсіреді. Бір гана айырмашылығы — кешірім сұрайтын адам корінбейді.

Әрине, халықты кейде — дана деп атайды, ал кейде — кара тобыр деп, қолды бір сілтейді. Осының бәрі халықтың мұн-мұктаждың қайғы-қасіретін, арман-тілегін, максат-мұддесін корғаптын, жылрайтын зияларына байланысты сиякты. Ал біздін зиялар қауым-ұлттың ар-намысымыз — шығысданалынын бейнелетін үш маймын сиякты құлағы мен көзін, аузын басып, үңіз отыр./ Білмеймін, кімге калай екенін, озім солдаттың сойылышын гөрі «Бір топ әнер кайраткерлерінін хаты» катты батты. Кешегі ескерткіш басынан солардың бірін де көргенім жок. Арылу — зияларындаң басталса иті еді...

Желтоксан оқигасы туралы месселе Конституциялық сотка да

жетті, ... жетті де тоқтап қалды. Кім кімді айыптамак?

Ен аяғы, парламенттің репрессияга үшірагандар туралы Занына да Желтоксан оқиғасында зардан шеккендер кірмей қалды. Әңгіме мындаған аламға женилдік беруде емес, одан үкіметіміз кедейленіп қалмайды, әңгіме сол зулматты жасагандардың кінасінің мойындалуында.

Жиынның ең соңында Хасен Қожахмет ортага шыкты. Бірак спектакль «сценарийінде» бұл көрініс курастырылмаган болатын, соңынтан үйімдестірушылар микрофонды өшіріп, жинап та үлгерді. Не деген ұсақтык?

Қайрат Рысқұлбековтың сонғы айқайы: «Апа, мен кінөлі емеспін!» болатын. /Мен сол сотта аудармашы болдым/. Мүмкін, бәрімізге айткан сезі шыгар.

«Ауыл» газеті, 1995 жыл.

Сөүір референдумы: — Саясаткер Назарбаевтың президент Назарбаевтың билігін 2000-жылға дейін созуға бағытталған айласы.

Тамыз референдумы: —  
Казакстанның тоқсан проценті  
Жана Конституцияны оқыған да  
жоқ және сол тоқсан процент  
холдан дауыс беруге қатысты!  
Озімізді өзіміз алған заман-ай...

VI тарау

## САЙЛАУ САБАҚТАРЫ

## КОНСТИТУЦИЯҒА РЕФЕРЕНДУМ КЕРЕК ПЕ?

«Ал, міне, бүтін жарқырап,  
Нұрны шашты Алтын Зан,  
Зан болғанда қандай Зан?  
Көрметен бұрын ешір жаң!»

Жамбыл атамызын осы бір тамаша созінен кейін тағы қандай тенеу туатынын ешқысымыз билген де жоқ шыгармыз. Жүрттап асқан асыл ма десек, ол да шаңға қомілп қалды. Эріне, елу жылда ел жана. Жаңа қогам өзінің денесін лайық күм кипсі келеді.

...«Қағаз бәріне де шыдайды» деген дана сөз бар. Сөз де бәріне шыдайды деп ойлаймын. «Ата Зан!» деп жар салдық /сол сөзді алғаш көлданған жандар Конституцияның мақсаты мен міндеттін барлап көрді ме екен?/ Мүмкін, көпшілдіктің кулағына жетпеген де болар. Бірақ 1993 жылты Конституцияның тым асығыс дайындалғаның дөлелді келе. барлық дерлік саяси үйшімдер шала жасалған, бір қайнау ішіндегі «Ата занды» кабылдауга карсы шыкты. Сол кездең Жоғарғы Кеңес әр бапты жеке талдаған төтштеп зерттеген де жоқ. бірден кабылдай салды. Содан бері... екі жарым жыл гана отты.

Тағы да Конституция туралы пікірлер айттылып, онның бүтінгі күннің талабына сай келмейтін айқындалды. Не деген бейшаралық! Менин ойышма, біз озімізді взіміл алдай отырып, халықтың болашағы да алдайтын сияктымыз. Ен қараптайым күнделікті зандар /енбек ақысын уақытында толеу, сөз бостандығы, зейнеттакыны беру т.б./ аяқта тапталып жатканына 1993 жылды жарық көргөп Конституция қінолі емес шыгар.

Бір сөзбел айтқанда бізге Конституция жақет пе?

Ондаған өркениетті елдер Конституциясыз да тамаша омір сүріп жаһыр емес пе? Жүзеге аспай жаткан адам құқығын Негізгі Занға енгізгенде, ертең сол занды арка тутын билік ислерімен табан тірессіп соттаса алғын азаматтар бар ма? Көз ашық, өзінің міндеттерінен басқа мемлекеттің де міндет бар екенин түсінетін адамдар омір сүрген қогамдаған Конституция жұмыс істейді.

Екінші жағынан алғанда, екі жарым жылдың ішінде «ескі» Конституцияны «тозызы жетіп, қогамның екінші дамуына бөгет болып, аяққа оралы болды» деп кімді сендірессін. Жаксылап түсініп алайық: Негізгі Зан — адамның негізгі құқығы мен билік түрі: мемлекетпен азаматтың ара катынасын, т.б. жалпы бағытын көрсетеді. Ол — қоғамның сөз өзгерінене қарап, өзгеріске түсе

бермейді. Осы уақыттың ішінде әлеуметтік, саяси, экономикалық оміріміз құлдырап кетті, демек, Конституцияны сол кайыршылық омірде сай өзгертуіміз керек пе? Конституцияны мемлекеттің қураны деп түсінсек, екі-үш жылда касиетін жоятын Құран кімге керек, кімді үшләпка жеткізбек?

Сондыктан да еліміздің Негізгі Заңын баланың ойыншының айналдыру жақет пе деген сұрак туды.

Оқиňшкі орай, демократия деген тамаша,асыл магынаны халықтар алада ушін де пайдалана болады екен. Соңғы уақытта билік ислері өз максаттарына жету ушін ең оңай жолды ойлап тапты да, оған «референдум» деген атауды берді. Эріне, халықтың бәрін толғандырып жүрген кейір жеке мәселелерді референдумга салу — демократияның бір белгісі. Бірақ, бірнешіден, «мынау Конституция тым ескіріп, жана заманымызып шаңына ілесе алмай қалды, тезір жана Конституция кабылдау керек» деп жүрген копшилікті коргеніміз жок. Саяси нариятиялардың өздері өзекашан колдарын бір-ак сілтеп, ол туралы мәселе көтермейтін болған. Екіншіден, Конституция — барлық адам оз козкарасын билірде алатын, күнделікті омірдің оз тұтырган жеке мәселе емес. Ертең референдумға келген жандар сол банттардың ішкі магынасын толық сезініп, өзінің накты козкарасын билірде ала ма екен? Жок. Конілдеріне келмесін, бірақ заңгерлер мен саясаткерлер, мемлекет қайраткерлері ондаган жыл бойы тек осы жұмыспен шүтілдінган жандардың оз кинала отырып түсінік беретін — мемлекеттің даму, омір суру заңын толық ментеру-копшиліктің колынан келмейді.

Эріне, жеке банттарды қарастырғанда, біреулер колдар, сиң біреулер карсы шығын болар. Бірақ, Конституция — тұтас дүние деп түсініндер, мүмкін сонда гана өзіміздің олі «мұндағы референдумға» дайын емес екенимізді көреміз.

Қысқасы, Конституцияга референдум керек пе?

Бәрінгізде белгілі — референдум да отеді, әзір аты жок жана заңға тағы бір асқақ тенеу ойлан табамыз. /Қазакта соз жетеді. / Бірақ оны бүкіл халық кабылдалы деп озімілік озіміз алдамайык. Арымыздың алдында таза болайык.

«Ауыл» газеті, 1995 жыл

# КОНСТИТУЦИЯ МЕН ПРЕЗИДЕНТТІ АЛДАҒАНДАР немесе референдум бақылауышының даты

Референдум болып отті... Зан кабылданды. Бірақ ол калай кабылданы? Тізімге енгізілген республика азаматтарының 90,51 процентті референдумға көткесі деп хабарланды. Осы рас па?

Редакцияға референдум өткеннен кейін де авторлардан хат түсүде. Әлбетте, автор пікірі редакцияның пікірі емес. Оның хатында айтылған фактлердің анық-канығын автордың ар-ұтына жүктей отырып, демократияға аяқ басып отырганымызда демократияға киянат болmasын деген иниєттеп төмендеде референдум бақылауышының хатын жариялан отырмыз.

Президенттің жүргізіл отырган саясатына карсы ашық оппозициялық жұмыс жүргіз отырып, еріне, оның үкімі мен әмрін асъра орындағын деп, қөздерін тарс жұмыс алып, нұскаган жакша даалектап шаба жонелетін жандандаптардың ролін ешқашан жокқа шыгармайтынын. Бірақ референдумдың еткізу барысында шын мәніндегі сұмдық көріністің күес болды. Ен коркынышты — мен үшін сұмдық болған меселе сол спектакльдин басқа мүшелерін үшін «ен абыройы да қадрлі жұмыс» болып шықкан сиякты.

Ресми түрде бақылауыш болып, күнлігімді көрсетіп, жұмыска кірген сәттен бастап ал сайлау комиссияның мүшелері мен мәнін арамда мысын пен иттің арасындаға жағдай орнады. Олардың бар максаты — мәнін көзімді ала беріп, бір колға екі-үштөрт бюллетень беріп жіберу де, мәнін максатын — ондай зансыздыққа жол бермеу болды. Бұл андиқсұдан бірыңғысыздығы дауыс беруге келген азаматтарға «бір адам-бір дауыс» деген қағиданы түсіндіре отырып, тек бір бюллетень беру — комиссияның мүшелерінің міндеті екенін түсінірумен-ак болды.

Бірнеше ескертуден соң, желкелерінен төніл түрган «бөледен» күттүла алмаған қызыметкерлер вз міндеттерін орындауга көшіп еді. «санхана» піессаның негізгі кейпкерлері шыкты.

Бірден корқытыл алайын деген болу керек. «Бұл неге столлардың касында жүреді! Кім рұксат етті! Орнынан козғалмауы керек!» деген сөздермен дауыллатып келген азамат округтік референдум комиссияның тарағасы екен де, касындағысы / тегераның таныстырыу бойынша / аудандық прокурор болып шыкты...

Осы уақытта колында уш бюллетені бар орыс кемпірді мен де тоқтатып үлгергенмін. Зан екілі және референдумдың еткізетін

мемлекет екілімен менін арамда төмендегідей әнгіме болды:

— Жаксы келдініздер. Қордініздер ме, комиссия мүшелері бір колға бірнеше бюллетень беріп, референдум туралы Президенттің шыгарын заңын бұзуда.

— Онда сениң шаруаң болмасын. Бақылауыш үндемей отыруы керек.

— Жок. Мен Конституцияның бұзылуына жол бермеймін.

— /Тегера/ Мін, мен бүтін жұмыстамын. Ал әйеліме мен үшін дауыс бер деп кеттім. Эр үйдін кояжас сол үйдін ішіндегі адамдарда дауыс бергенде ештеге жок кой.

— Бүкіл халық сайлаган Президент бар. Оның референдум туралы үкімін іс жүзін асартып сіздің айттып тұрғанының мынау. Соңда Сіз Конституцияны мойындаимасыз бай?

... Осы әнгіме әрі қарай жалғаса берер ме еді, егер учаскелік тегера: «Бір адам басқалары үшін дауыс беруге болады гой!» — деген сұрақ бермесе. «Болады!» — деді округтік референдумының тегарасы.

Мен прокурорға бұрылдым: «Занды сіз бәрімізден де жақсы білесіз. Торелігін енді Сіз айттыныз. Прокурорда үн жок. «Ендеше аты-жөнінділік айтыңыз, мен жазып алайын», — дедім. Прокурорым бұрылғын алым, кете берді.

Тегераның сезінен күт алған комиссия мүшелері бір колға бірнеше бюллетенізді беріп, маган кекесінде қарал, жетісіп калды.

«Сіз Президенттің ынғайысын жағдайға калдырып отырысыз, осыны түсінесіз бе? — деп едім, «Милиция кайда!» /Бақылауыш орынан тұрмасын!» — деген айқай шыкты. Қысқасы, жұмысмызы милицияның бақылауында тұрған жалғастыруға тұра келді.

Алматы қаласындағы 314 учаскесіндегі 2100 адамның 530-ы гана референдумға дауыс беру үшін учаскеге келді. Соңан соң не болды дейісіздер гой?

Түстен кейін комиссия мүшелері жәшіктерін аркалап, үй кезіп кетті. Қазакстан халқының жартысынан кебі жарымжан, қаріп екені тек сайлау кезінде гана көзге түседі екен. /Өзі қозғалып, сайлау учаскесіне бара алмайтын жандарға гана үйлеріне жәшік алым барып, дауыс беруге жағдай жасайды/. Менінше, бұл сұмдық жағдайды мәнін сақсақыласым — Президенттің міндеттерінің болуы керек. «Әр ауылдың азыракпайы» екімдер мен атқару органдарындағы жандайшаптар белгілі процентке жеткізу үшін аттарын камшылап, далактан шапкан шакта шашыраган шаң мен батпак Ата зан мен Президенттің атына айттарлықтай кір келтіріп-ак кетті...

«Ауыл» газеті, 1995 жыл

## САЙЛАУ – ҚЫЗМЕТ БӨЛІСУ ЕМЕС

Токсаныншы жылдарга дейін шын мөніндегі парламент болмаганнан кейін бе, сайлау жүйесінің тоталитарлық түрінде қоғамдық әмбір толық сіңіп қалғандығынан ба. Әдеб қарапайым көзқосырылғымыз ба, әйттейір «сайлау», «депутат»деген сөздердің мағынасына қоңіл боліп қарамаган секілдіміз. Соңғы откен сайлаулар мен референдумдардың нотижесі де сол қозқарастың ескіргеменің көрсетеді. Эрине, қатып қалған сенімді озгерту оның жұмысы емес, бұған да уақыт керек, дегенмен, озімізден ниет болмаса, бейсаясатшылығымыз бен бейжайлайтымыз талай үрлакқас тарайтын сиякты. Макалада «ар-үят», «намыс» деген сезімдерге кобірек жүгінеміз, себебі, ор адам озінің жасаган жұмысына басқа қырынан қарал, озіне-озі баға беретін дәрежеге жетпесе, болашак туралы сөз козғаудың озі – бос оүрешілік.

## ДЕПУТАТ ДЕГЕНІМІЗ КІМ?

Халық – бала сиякты, соңыктан да билік жүйесіне қандай депутаттар керек болса, парламентке сондай депутаттар керек деген қозқарасты таратада салады екен.

Сонда копшилік «Мінде, депутат деген осындағы болуы керек» деп косыла жонеледі.

Қайта күрге дейін қандай депутаттардың болғанын суреттеу артық болар /жасыны асырп, жаманды жасырып үрінгендегі халықпаз гой/, – Д.К./. Ол уақытта «Халық калаулысы» деген сөз «Халық атактысы» деген үтиммен толық алмастырылған. Атакты, данкты адамның депутат болуы шарт сиякты көрінді. Қаншама тамаша жандар – малыштар мен сауыштылар, құрылыштылар мен ақындар, әскерін адамдар мен галымдар кайран уақыттарын босқа жіберіп, оздеріне түсініксіз мемлекеттік месселегерге «бір адамдай» кол кетеріп отырып десеңізші.

Мұмкін, Отанымыза сибетің сіңітен жандарға, нағыз сенбекшілерге көрсетілген буда ла бір күрмет болар. Астанага барып, бір демалып, сый-сияпта көріп кайтканға не жетсін. Бірақ мұның депутат сөзінің іс жүзіндегі мағынасына сай келмейтіні айдан анық.

Дегенмен, осы түсінік бүгіндегі толық әмбір сүрік келе жатыр. Әлі есімде, 1993 жылғы Ақтобе облысындағы депутаттықтан босаган бір орынға Жасарал Қуанышұлы мен Токтар Әубекіров түсті. «Ау, Токтар кім, Жасарал кім?» дегендегерге «Эрине, Токтар

мән Жасаралды салыстыруға болмайды» – деп жауап беруге тұра келді; «Токтар үшкіш, ал Жасарал – саясаткер...» Бейшара жандар көпке шейн осы пікірде кабылдап, ми қыртысына үлдата алмай-ак койды.

1994 жылты сайлауға «Деді ғой Леонид Ильинчітің өзі» деген әнде толғана айтатын /казір тағы басқа үйқас іздел жүрген болар. Д.К./ жандардан бастап, «Тамашаның» әртістеріне дейін толық катысты. Эрине, зиялы қауымың саясатқа белсene араласканына не жетсін, бірақ олардың «саясаты» сайлаумен ғана шектелтеп сиякты.

Әр адамның өз орны бар. Халық батырларын жырга коскан, бірақ билікті айтып, Жарғы жасау мен заң шыгарып, төрөлкі айту билердін еншісіне тиғен. Кейде парламенттес көмек істеуге инет күлган /депутат болуға инет еткен деген ойламадар. Д.К./ жандарды бір үлкен бөлмеге камап, «осындау уақыттың шінде мынадағы заң дайындандағы – деп тапсырға берсе, шу күннен кейін: енди көрмегенім парламент болсын» деп, безіп кетер еді деп ойлайдынын. Бүгіндегі олеуметтік, экономикалық жағдайлары жаңажакты талдай отырып, дүние жүзілік тәжірибелі пайдаланып, сансаласы заңдар дайындауда, оны әмбір ендіру, лоббизм мен фракциялық күрес, мемлекеттік бюджеттің қыр-сырын блу; сыртық саясатты анықтау – тіл немесе астананың көшіру туралы обеден сілікпесі шықкан әнгімени шірене тұрып толға емес.

Парламенттес белгілі бір калыпта түсіріп, «шығайсыз» жандардан тазарту мақсатында жаңа ұрап көтерілген сиякты. Жер-жерде «Парламенттес көсібі болу керек, соңыктан зангерлер мен экономисттер депутат болуы қажет» деген сөздер естіле бастады. Бір караганда дұрыс та сиякты. Бірақ маманын да маманы бар. Сәкен мен Бейімбеттін бастал кешегі Кайраттарды тергеzen, ісін жүргізіп, соттагандар да тамаша зангерлер емес пе? Экономикасы олім аузында келген Казакстанды басқарып отырып Президент пен вице-президенттін экономикағының докторларды екенін де есімізден шыгармайык.

Барлық елдерге парламенттес мамандар ғана келеді. Бұл-зангерлер мен экономисттердін емес – маман саясаткерлердін орны. Олардың шешкен мәселесин іс жүзінде асырып, әмбір ендіру – басқа мамандардың, зангерлер мен галымдардың шаруашылық басыншыларының міндеті.

Бүгіндегі кезеңде, өз басымынан депутаттың табактай дипломы мен дардай атагын емес, азаматтығын бірінші орынға кояр едім. Ал, тандыудың алғашкы шартты сеебінде сол адамның халық әмріндегі киын жағдайда өз орнын таба билгелін және қозқарасын нық устай білгенін қалар едім. Компартия таратылып, тәуелсіздік

алғаннан кейін бәріміз де ултжанды, демократ бола калдық. Кандидаттың сол бір тоқсанының жылдардағы азаматтығына күе болдын ба әлде ол да әллітің артын бағып, қызметті мен коныр үстеліне байланыс калды ма? Дауыс берер алдында осыны жаксырап ойлап алыныздар.

## САЙЛАУШЫ БОЛУ МІНДЕТ ПЕ?

Сайлаудың әділ жүргізілуі де, парламенттің дәрежесі мен деңгейі де ер сайлаушының өз міндеті мен құқығын жаксы туисініне тікелей байланысты.

Біріншіден, сайлауга катысу, катыспау жөніндегі әділ адамның толық еркі бар екенін естен шыгармайык. Сайлауга катысу — міндет емес /3-баптың 3-бөлімін караңыз/. Бір жағынан сайлауга катысадан бас тарту да сенін көзқарасызың көрініс — мүмкін, сенін ойынан шығатын жаңа кандидаттар арасында жок болар. Немесе сайлау жүйесіне деңгей, оның нәтижесінен деңгей сенимсіздік сезімі шығар сені үйде үстап қалған. Оnda ешкімнің де жұмысы жок. Қатыскын келмей ме, күдайға шүкір, Конституция да, заң да, президент те сенін жағында екенін үмтпа.

Әрине, азаматтардың сайлауга катысканы бәрімізгө де жаксы болар еді. Халықтың копшілігі колдау корсеткен жаңы депутат болғанына не жетсін! Бірақ «одан не өзгереді дейсін, әйтеүір дауыс беру керек болған соң, дауыс берे салым» деген көнілмен сайлауга катысып, сонын нәтижесінде сайлаган депутаттардан горі сайлаушылар дауысы жетіспей, сайлаудың болмай қалғаны жүз есе арты!

Мойындауымыз керек, кебіміз «осыдан түк те өзгермейді» — деп күнікілдек келе... сайлауга катысымыз. Катыспау канда коймаймыз, өзімізбен бірге үйдең аламдардың шакыру қағаздары ала келеміз. Бұның калал түсінуге болады? Қалыптасып қалған әдет пе, алде жасқаншактың пә? Менің колдауымнан ештепе өзгермейді дей келе, колдау білдіруі — нағыз екіншілік емес мін? Өзінің алданғаннан биле отырып, езін алданғаннан артық, кандал ақыншылардың бар екен.

Сайлаудың нәтижесі — ер сайлаушының жеке тандауынан, еркінен куралады. Сондыктан оны баланың ойыншығына айналдыру — халықтың тандау құқығына кол суғумен бірдей. Бір адамның бір үйлі жаңының шакыру қағазын алып келіп, биulletен талап ету — демократиялық елдер үшін ақылга сыймайтын көрініс. Біреудің біреу үшін дауыс беруі — сайлау

жүесінің негізін шыгару деген сөз. /Демек сайлау өткізіп жақеті не?/ Бул — заңда да айқын көрсетілген. /5-бап, 1-бөлім/, оқінішке орай, осы бапты бұзғаны үшін азаматтардың кандағы жаза тартқаны белгісіз. /АҚШ-та басқа біреу үшін дауыс бергендер 5 жыл бас бастандығын айырылады және акшалай айып төлейді/.

Сайлауга катысар алдында өзіміздің құқығымызды жаксырап түсініп алайык.

## САЙЛАУ ӨТКІЗҮТЕ ҚАТЫСЫ БАР ЖАНДАР ТУРАЛЫ БІР АУЫЗ СӨЗ

Егер сайлауды жүзеге асыратын қызметкерлер заңның әрбір шартын Құран сезіндегі кабылдап, соган сәйкес жұмыс істесе, көптеген мәселенін басы ашылар еді. Демек, сайлау кезінде зандылыштарды жүзеге асыратын да өзіміз.... Участкегеги сайлау комиссияларында жұмыс істейтін адамдар өз міндеттерін дұрыстап орындаі білсе, көптеген мәселелер күн тәртібінен түсіп қалар еді.

... 1937 жылғы алғашкы сайлауда мынадай оқига болыпты: сайлауга бір күн қалғанда бір кісі қайтыс болып, сайлау комиссиясының бастыры оны тізімнен алып тастауда ұмытып кетіп. Кейінрек осы кателіктің беті ашылып, тексеріле келе, бастырыңын басын жүтпесініпты. Әрине, ол уақытта барлық сайлауши бір адамдай дауыс беретіні түсінкіт, бірақ заңдың әрбір ерпін сақтағанға, сайлау процесінің шартын бұзбай отырып мактат жеткенін ойландырып.

Сайлауга адамдар аз келтінде, участкегеги қызметкерлердің көшпелі жәшікті құшқапт, үй көзін кеткені де ете ынғайсыз жағдай. /Менің бір жолдастым үйін жәшік өкеліп, дауыс беруді сұраган жандарға «Егер мен жарымжан болсам, алдын-ала тізімге жазылым, үйден дауыс беремін деп айттар едім. Ал бұл көлістерінді түсінбеймін. Әлде мені жарымжан деп корлагандарын ба? Оңда менің ар-намысымы тиетін осы келулерін үшін сендерді сotka беремін. Әзір аяқ-қолым сау, көрін тұрсындар деп күншыбыты/.

Сайлау комиссиясында жұмыс істей — аскердегі сияқты командирлік бүйірлығын сөзсіз орында емес, езіде берілген құқық пен міндетті түсінілік болу, соны жүзеге асыру. Кейір басшылардың жұмысында кулығын жүзеге асыратын машина болып, ауылдастын алданғаннан ешкім де пайда таппайды.

«Ауыл» газеті, 1995 жыл.

## **САЯСИ - ҚОҒАМДЫҚ ӨМІРДІН КЕЙБІР КЕЗЕНДЕРІ**

**1988 жыл, 18 наурыз.**

Қазак педагогика институтында (казірі АЛМУ) республикаға ең алғашқы «Ана тіл» қоғамын үйімдістіралы. Жасарал Куанышалин мен Достың осы бастамасын басқа оку орындарының студенттері де қолдайды.

**1989 жыл, ақпан, наурыз.**

Аспирантурада жүрген Дос Республика қолеміндегі «Ана тіл» қоғамын күру шілдесінде, Семей қалаларында болып, студенттермен жоне оқытушыларымен көшесу өткізіл, қоғамның белімшелерін үйімдістіргуга талап қылады.

**1989 жыл.**

Қазак телевидениесіндегі «Ақықат» пікірталас клубы құрылып, халықтың саяси сауатын ашып, ұлттық-демократиялық бағыттарды тобиелу мақсатында жұмыс істейді. Хабарларды үйімдістіру және жүргізу жұмысында Дос ерекше көзге түседі.

**1990 жыл, 20 ақпан.**

Алматы қаласындағы алғашқы саяси жиынды үйімдістіргуга катысады.

**1990 жыл, ақпан, наурыз.**

Москвада оқын жүрген қазақ жастарымен кездесіп, Қазақстандағы ұлттық, саяси, олеуметтік жағдай туралы баяндама жасайды. «Макас» - тұы (Москвадағы қазақстандық аспирантурар мен студенттердің ассоциациясы) негізін салу ісіне көмектеседі.

**1990 жыл, 26 мамыр.**

Қазақстанда ең алғашқы саяси партияның (Қазақстанның Социал-Демократиялық партиясы) құрылды. Дос партияның тән төрағасы болып сайланды.

**1990 жыл.**

ҚСДП Алматы облысы Ұзынагашта болған қазақ-шешен қақтығысын тоқтатып, саяси бағытқа аударуга күш салады. Партияның жіберген екіншілері камауға алғынды.

Партия Павлодар, Ақмола, Кентау, Текели, Ақтөбе, Петропавловск, Семей, Ақтуда белімшелерін ашады.

**1991 жыл, қараша.**

Вильнюстегі оқигаға байланысты ҚСДП рұксат етілмеген жынын өткіздеді.

**1991 жыл, ақпан**

Кенес Одағындағы барлық демократиялық бағыттарға саяси күштер жиналды, Харьков қаласында Демократиялық Конгресс ашылды. Орта Азия мен Қазақстаннан ҚСДП-ның төрағалары С.Дуванов пен Дос катысады. Осы Конгресс үстінде аты танылған саясаткерлермен бірге жұмыс істейді (В.Н.Лысенко, Н.И.Травкин, В.В.Жириновский т.б.)

**1991 жыл, наурыз.**

Одакты сактап қалуға арналған референдумға байланысты жүргізілген дөңгелек үстінде Қазақстаннан 30-дан астам қоғамдық күштерінің ішінде тек ҚСДП гана карсы болып, тоуелсіздік жолынан танбады.

**1991 жыл.**

Демократиялық Конгрестін Қазақстандағы төрағасы ретінде Киев, Москва, Рига, Минск т.б. қалалардагы конференцияларға катысып, республикадагы саяси жағдай туралы баяндамалар жасады.

**1991 жыл, наурыз.**

Душанбе. Бішкек қалаларында Орта Азия мен Қазақстаннан Демократиялық Конгресстың үйімдістірілді. Дос оны құрута ат салысады, күжаттарын дайындауды. Өзбекстанның «Бірлік» қозғалысының басшыларының бірі А.Пулатовмен, Тожистан Демократиялық партиясының төрағасы Юсуп Шадмомен, Туркменстан Демократиялық партиясының төрағасы Дүрдімуратен, Қыргыз Демократиялық Қозғалысының басшылары Топғыбек Тұрғыналиев, Жыпар Жекшесевтермен бірге жұмыс істейді.

**1991 жыл, тамыз.**

Москвадағы тамыз тоңкерісі (19.VIII. 91) кезінде ең бірінші болып ҚСДП үн көтеріп, батыл карсылық жасады. Алматы қаласында төтенше жағдай енгізу туралы құжат дайындаған В.Храпуновтың (Алматы қалалық атқару комитетінің төрағасының орынбасары. Казір-министр) ісін тексеруге катысады.

**1991 жыл, тамыз, қыркүйек, казан.**

Алматы облысында Есік қаласындағы тұрғытер мен казактардың қақтығысын болдырмауға арасады.

**1991 жыл, 8 қыркүйек.**

Дем Конгрестін Бішкектегі конференциясы. Бішкектің орталық алаңында откен жыныда Дос қазақстандықтардың атынан Қыргыз халқының тоуелсіздік жариялауымен бірінші болып күттіктайды.

**1991 жыл, 10 қыркүйек.**

Астанада ҚСДП рұксат етілмеген жынын өткіздеді. Сол жынының үйімдістірушесі жоне жүргізушесі үстінен іс көзгалады. Социал-

демократтардың осындай жиыны Павлодар, Ақмола, Степногорск т.б. қалаларда отілді.

#### **1991 жыл, қазан.**

Қазақстандың Азаматтық «Азат» қозғалысының төрағасының орынбасары болып сайланады.

#### **1992 жыл, сәуілдер.**

Саяси құштердің біркітіретін «Әлеуметтік көргөз» тобының президенттеп көзделсүндегі «Азат» қозғалысы атынан соң сөйлейді.

#### **1992 жыл, мамыр.**

Казакстан Социал – Демократиялық партиясының төрағасы болып кітада сайланады.

#### **1992 жыл, маусым.**

Жеті күнге созылған бейбіт қарсылық акциясын үйімдастырып, жиынның жүргізуіші болады. 15 облыстар келген «Азаттың» екінші деңгээлде үкіметті көтіру талабын көяды. Акциядан соң, жетекшілердің бір ретінде үстінен іс қозғалады.

#### **1992 жыл, шілde.**

Германия Социал – Демократиялық партиясының бүрнегін төрағасы, Социалистік Интернационал (Социнтерн) төрағасының орынбасары И.Фогельмен көздесу. КСДП Социнтернге кірге арыз береді. Қыркүйек айында Берлин қаласында откен XIX Конгресте Казақстанның Социал-Демократиялық партиясы Социалистік Интернационалаға кабылданады.

#### **1993 жыл, союз-мамыр.**

КСДП Алматыда «Ұлтаралық катынастарды реттеудін жолшары» деген тақырыпта халықаралық конференциянан еткізеді. Конференциянан 13 елден делегаттар келеді. Конференцияның үйімдастыру комитетін Дос Басқарады жөнде Казақстан жағынан Олжас Сүлейменовпен екекүй баяндана жасайды.

Конференция аяқталған соң Германия социал-демократтары Арап қаласындағы аурухананың балалар боліміне гуманитарлық көмек (доримек, кім, т.б.) алым барып тапсырады.

#### **1993 жыл.**

КСДП-ның бастамасымен түрлі партиялар мен қозғалыстар бірігіп «Дөнгелек стол» куралы, «Сайлау туралы», «Жогарғы Кенес туралы», «Саяси партиялар туралы» салыстырмалы заңдар жасалынады.

#### **1993 жыл, 5 наурыз.**

Оппозиция жетекшілерін парламент төрағасы С.Әбділдин кабылдайды. Әнгіме устінде Жогарғы Кенестің өз мерзімі аяқталғанша жұмыс істейтін айттылып, «Сайлау туралы заңының» тек жағза таман дайын болатыны хабарланады, оны дайындал жаткан комиссияга «Дөнгелек столдың»

екілдерін кіргізеді де... бір ай етпей жатып, зан кабылданып, Жогарғы Кенес таратылып, сайлау күні белгіленеді.

#### **1994 жыл, ақпан.**

КСДП-ның сайлауга түсуге бел байлаган 20 мүшесінің тек үшеуі гана тіркеуден етеді. Қалғандарды түрлі себептермен, түрлі тоқсаяулдармен еткізілмей калады. Дос Қызылорда каласы бойынша Жогарғы Кенестің депутаттығына сайлауга түсін, жениліс табады. Оны Қызылорда облысының «Азат» қозғалысы болімшесі колдап, жұмыс істейді.

#### **1994 жыл, қазан, қараша.**

Америка Құрама Штаттарының Қазақстандағы Елшісінің шакырыу бойынша АҚШ-тың сайлау жүйесінен танысу мақсатында салар шегеді. Қазақстандағы саяси, әлеуметтік, экономикалық жағдай жөнінде бағандамалар жасайды, саяси кайраткерлермен көзделседі. Демократияға синген енбегі үшін «Техас штатының құрметті азаматы» атагы беріледі.

#### **1995 жыл.**

Тіркелемеген партиялар (КСДП «Қогамдық бірлестіктер туралы заңының» көптеген балтарын демократиялық смес деп тауып, 1991 жылғы тіркеуден бас тартқан) жөніндегі занга сойкес КСДП өз жұмысын үакытша токтатып, саяси-ағарту саласына бет бұрады. Осыны жүзеге асыру мақсатында Дос «Демократияны казак тілінде оқыту жөнде тарату» орталығын қурады.

Д. Кешімов «Токсанының жылдардың кара сөздері» мақалалар  
жинағы.

Редакторы

Тех. редакторы

Беттеген

С. ЖҮМЕКЕНҚЫЗЫ

Л. АЙТЖАНОВА

Г. ТОКМЕТОВА

Теруге берілген күні 17.06. 96. Басуға кол койылған күні 19.08.96.  
Форматы 84x108 ½, Шартты баспа табағы 11, 5. Таралымы 2000, багасы  
келісімді. Тапсырыс №142.

«Өлкө» баспасының өз баспаханасында басылды: Алматы қаласы,  
Достық даңғылы, 7.

Бұлдан соң соңғы үш ішегі баспаханадың құрал-жабайылғы ғарышының  
Сәзин тапсырыммызын - үлгіне жүйтік каланка сал болғаннан кейін  
шынармалардың музикалық обереги  
Ең белгілісі - Сәзин тапсырымның ылғолама-қорының ордерінің оңтүстік  
орталығындағы бар бірден оңста.

C

іздің тілегіңіз бойынша  
төмөндегідей баспа өнімдерін  
түрлі түсті бояумен немесе екі  
түспен сапалы да жоғары  
дәрежеде шығарып беруге  
әрдайым дайын:

*кітаптар, плакаттар,  
проспектілер, буклеттер,  
бланкілер, этикеткалар,  
құнпақташтар, құнтизбелер,  
құрттықташтар, папіслері,  
шақызыру билеттері,  
телефон анықтамалары*

Сондай-ак  
әдеби-көркем  
шынармаларды,  
жарнамалық албомдарды  
курастыруға, безендіруге, казақ, орыс,  
ағылшын тілдерге аударуға, редакциялауга өзірміз

Мекен жайымыз: Алматы қаласы,  
Достық даңғылы, 7-йі, 2 қабат.  
Телефон: 332221, 260913